



19 қараша, сенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

2 Конституциялық мәртебесі бар алғашқы заң



3 Кәсіпкерлер құқығы қалай қорғалып жүр?



4 Баланды аясаң аяма



8 Әнші есімі – әр жүректе



САПАР

ҚАУІПСІЗДІК ҚАШАН ДА МАҢЫЗДЫ

МИНИСТР КӨППЕН КЕЗДЕСУДЕ
ӨТКІР МӘСЕЛЕЛЕРДІ АЙТТЫ

Облысқа жұмыс сапарымен келген ҚР Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин «Достық үйінде» облыс тұрғындарымен кездесті. Кездесуде министрліктің төтенше жағдайлардың алдын алуға және жедел әрекет етуге бағытталған жұмысымен таныстырды.



Сб Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Жалпы, биылғы жылдың 10 айында республика бойынша 11 мыңнан астам төтенше жағдай тіркеліп, қаза болғандар саны 26%-ға азайған. Соған қарамастан көрсеткіш 570 адамды құрап, жоғары деңгейде қалып отыр. Министрлік бөлімшелері әртүрлі төтенше жағдайларға 70 мыңға жуық сапар жасап, 22 мыңға жуық адам құтқарылды және эвакуацияланды. Сондай-ақ, 4 мыңнан астам зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетілді.

Министр облыстағы жағдай тұрақты екенін атап өтті. Аймақта жыл басынан бері 400-ден астам төтенше жағдай тіркеліп, өлім-жітім 37%-ға азайған. Олардың көпшілігі тұрғын үй секторындағы және көліктің өрттер. Құн суытқалы бұл көрсеткіш, өкінішке орай, артып келеді.

Жыл сайын жылу маусымы қарсаңында министрлік қыста адам өлімін азайтуға бағытталған шараларды қолға алады. Ең алдымен халықтың әлеуметтік осал топтарына – көпбалалы отбасыларға, зейнеткерлерге, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға көңіл бөлінеді. Облыста осындай 7,5 мыңнан астам азамат тіркелген. Әлеуметтік қамсыздандыру органдарымен бірлесіп оларға атаулы әлеуметтік көмек көрсетіледі. Жергілікті атқарушы органдар мен демеушілер қаражаты есебінен олардың үйлеріне 1200 өрт хабарлау құралы орнатылған.

Қазіргі уақытта төтенше жағдайлар құрылымдарының қызметкерлері тұрғын үй секторында тұрмыстық өрттердің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізуде. Айта кететін жайт, рейдтер барысында заңбұзушылықтар анықталған жағ-

дайда азаматтарға әкімшілік шара қолданбай, оларды жою, сондай-ақ жылу беру кезеңінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша ұсыныстар беріледі. Есепті кезеңде облыста 37 мыңнан астам тұрғын үй тексеріліп, 1000-ға жуық заңбұзушылық анықталған.

Төтенше жағдайлар министрі күнделікті өмірде жиі кездесетін заңбұзушылықтар – жарамдылық мерзімі өтіп кеткен газ баллондарын қолдану, оларды жылыту құрылғыларының жанына орнату, сондай-ақ газ жабдықтарының дұрыс жұмыс істеуі екенін атап өтті. Мұның бәрі қайғылы салдарға әкеледі. Сондықтан баллонға газ құю жанармай құю бекеттерінде емес, тек арнайы орындарда жүргізілуі керек.

Сондай-ақ, Юрий Ильин көктемгі су тасқыны мәселесі өңір үшін әлі өзекті екенін айтты. Республикада, оның ішінде облыста су тасқыны қаупін азайту бойынша Жол картасы, су тасқынына қарсы іс-шараларды әзірлеу жоспары жүзеге асырылуда. Бүгінде өңірдің су басу аймағында 29 елді мекен бар. Оның ішінде 500 мыңға жуық азамат тұратын 23-де тәуекелдер барынша азайтылды.

Министрлік өндірістік объектілердегі қауіпсіздікті жақсарту бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді. Облыста 200-ден астам өндірістік кәсіпорын мен 16 мыңнан астам қауіпті өндірістік нысан бақылауда. Есепті кезеңде мұнай-газ кен орындарында үш өндірістік апат тіркелді. 1,3 мыңнан астам қауіпті нысан тексерілді. Мыңнан астам заңбұзушылық анықталып, 65 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

2-бет



ОБЛЫС ӘКІМІ МИНИСТРМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген ҚР Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Юрий Ильинмен кездесті.

Басқосуда өңірге қатысты бірлескен жұмыстар талқыланды. Оның ішінде Сырдария өзенінде қорғаныс бөгеттерін салу және қалпына келтіру, өрт сөндіру бекеттерін орнату, құтқару жабдықтары мен арнайы техника сатып алу мәселелерін пысықтады. Бұл бағыттарда қаржыландыру тетіктерін қарастыру арқылы жұмысты үйлестіру барысы сөз болды.

Айта кетейік, министр жұмыс сапары барысында бірқатар нысандарды аралап, халықпен кездесулер өткізіп, тұрғындардың сауалына жауап берді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ЖАСАМПАЗ ЕЛГЕ СӘУЛЕТ ПЕН ДӘУЛЕТ ЖАРАСАР



Кейінгі уақытта өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын айшықтайтын тың бастамалар жүзеге асып жатыр. Оны облыс көлемінде, әсіресе, бас шаһарда бірінен соң бірі бой көтеріп жатқан заманауи әлеуметтік нысандардан, көп қабатты тұрғын үйлерден әрі халық хабардар болып отырған соны жобалардан тануға болады. Кеше де облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен бірнеше әлеуметтік маңызы бар іс-шара жалғасын тапты. Жаңа нысанның кірпіші қаланды, жедел жәрдем қызметіне көліктер беріліп, бірқатар тұрғындар баспаналы болды.

«АНАҒА ТАҒЫМ» – АЙРЫҚША БАСТАМА

Облыс басшысы алдымен белгілі кәсіпкер, меценат Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен бастау алған «Анаға тағым» орталығының құрылысымен танысып, кірпішін қалау рәсіміне қатысты.

Құны 1,5 млрд теңгені құрайтын заманауи үлгідегі орталық өңірдегі қыз-

келіншектерге, жас отбасыларға, балаларға ұлттық құндылықтарды дәріптеп, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді жаңғыртуға мол мүмкіндік бермек.

Іс-шарада облыс әкімі жаңа орталықтың Сыр елінде еңсе тіктеп, бой көтеруінің үлкен символикалық мәні барын айтты.

– Таяуда ғана ардагер ағаларымызбен бірге облыс орталығынан құны 3,7

млрд теңгеге Өнер орталығы, 1,6 млрд теңгені құрайтын заманауи үлгідегі Неке сарайы, 2,9 млрд теңгені құрайтын «Қан орталығының» құрылысын бастадық. 6-7 ай ішінде жергілікті кәсіпкерлердің қолдауымен 9 млрд теңгеге жуық қаражат тартылып, жаңа жобалар жүзеге асуда. Қоғамның игілігіне қызмет жасауды басты қағида еткен туған жерге жанашыр азамат, белгілі кәсіпкер Марат Базарбайұлы өңірімізде «Анаға тағым» орталығын салуға ниет білдірді. Ана – тек отбасының берекесі ғана емес, елдің ынтымағы мен несібесіне тілекші, бірліктің ұйытқысы. Келешекте жас отбасылар мен кейінгі буын жастар бұл орталықтан рухани құндылықтар алады деп сенеміз. Барша Сыр халқы атынан шексіз алғысымды білдіремін, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

2-бет

ЖЫЛ МӘРЕГЕ ЖАҚЫН ГАЗДАНДЫРУДА НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

67 пайыз. Бұл – былтырғы көрсеткіш. Жыл аяғына дейін пайыз өзгеретіні сөзсіз. Әу баста облыс орталығы мен кейбір кент іші ғана газдандырылған болса, кейінгі жылдары қарқын үдеді. Мысалы, 2015 жылға дейін тек облыс орталығы ғана табиғи газды пайдаланып келді. Ал 2014 жылы «Бейнеу-Шымкент» магистральді газ құбыры пайдалануға беріліп, одан кейін аудан орталықтары мен ауылдық елді мекендер «көгілдір отынға» біртіндеп қол жеткізе бастады. Бүгінде өңірдегі қалалар мен 19 елді мекенге газ құбыры тартылып, ондағы жұрт игілігін көріп отыр.

Сб Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Жаз айында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аудандарға жұмыс сапары кезінде Шиелі мен Қазалы ауданында Қазалы қаласын, сондай-ақ Шиелі ауданына қарасты «Ақма», «Алғабас» ауылдарын «көгілдір отынға» қосу салтанатты шарасына қатысқан болатын. Сол уақытта аймақ басшысы табиғи газ – тіршілікті жеңілдетіп қана қоймай, қоршаған ортаны қорғауға, орман қорын сақтауға зор мүмкіндік беретінін, елді мекен тұрғындары газ игілігін көрсі, әлеуметтік жағдайы жақсарып, тұрмысы түзелетінін ерекше атап айтқан еді.

3-бет



Қолжазба Қуаныш Орабаев



Қолжазба Қуаныш Орабаев

3-бет



ЕРТЕҢ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛАДЫ

Жұмыр жер бетіндегі жұртшылық Қатар жерінде өтетін футболдан Әлем чемпионатын асыға күтіп отыр. Әлем чемпионатының алғаш рет жалауын желбіреткеніне енді санаулы жылдан кейін бір ғасыр толады. Биылғы доп додасын өткізуге таңдау Таяу Шығыс аймағында орналасқан шағын мемлекетке түсті. Бұл – аталған аймақта өткізілетін тұңғыш доп додасы. Ал Азияда екінші рет болады. Еске салсақ, 2002 жылы Әлем кубогін Жапония мен Оңтүстік Корея өздерінде қабылдаған еді.

Сб Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

8-бет



ЖАСАМПАЗ ЕЛГЕ СӘУЛЕТ ПЕН ДӘУЛЕТ ЖАРАСАР



Жаңа нысанда қыз-келіншектерді сұлу да сымбатты болып жүруге үйрететін арнайы «Сән мен сымбат» бөлмесі, тұрмыстық жағдай және қонақ күтуді үйрететін бөлме, сонымен қатар аруларға жан-жақты психологиялық көмектер беретін кабинеттер болады. Оған қоса, шығармашыл жандарға бағытталған әдебиет және поэзия, дизайн студиясы мен би орталығы және жас отбасыларға қызмет көрсету бөлмелері де ойластырылған.

Іс-шарада еңбек ардагері Дайрабай Ысқаков облыс әкімінің бастамасымен кейінгі уақытта облыс көлемінде аткарылып жатқан игі істерге ризашылығын білдіріп, азаматтарға ақ тілегін арнаса, Батыр ана Сәкен Ағатаева ұлттық құндылықтарды дәріптеу ата-бабадан келе жатқан дәстүр, адами парыз екенін, осы орайда орталықтың жас аналарға, бойжеткендерге берері мол екенін айтып, жылы лебізін білдірді.

Айта кету керек, Марат Дүйсенбаев жақында ғана елорда төрінде Мемлекет басшысының қолынан «Парасат» орденімен наградталды. Ел туған елге «100 игілікті іс» жоспары негізінде 100 отбасының баспаналы болуына ұйытқы болып, қуаныш сыйласа, түрлі жетістіктерге жеткен және әлеуметтік аз қамтылған азаматтарға 100 автокөлік тарту етті, 100 жастың отбасы құруына қаржылай қолдау көрсеткен. Меценат – 30 жыл ішінде 12 млрд теңге қаржыны өңірдің игілікті ісіне арнаған жомарт азамат.

Жалпы өңірде кейінгі 7 ай ішінде маңызды деген 18 жаңа нысанның іргесі қаланып, ауқымды жобалар жүзеге асуда. Келер жылы

халықаралық әуежайдың жаңа терминалы, стадион мен заманауи үлгідегі Оқушылар сарайы және көпсалалы аурухана салынады.

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМГЕ ЖИЫРМА КӨЛІК

Қызылорда өңірі республика бойынша жедел жәрдем қызметін орталықтандыруды алғашқылардың бірі болып бастап, жерлестерімізге сапалы қызмет көрсетуде. Ұлттық шұғыл медицина үйлестіру орталығының бағалау рейтингі бойынша да облыстық медициналық жедел жәрдем станциясы алдыңғы қатарда.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев медицина қызметкерлеріне 20 жедел жәрдем көлігінің кілтін табыстады.

Дәрігерлерді құттықтап, өңірде медицинаның ілгері дамуына жан-жақты қолдау көрсетіп келетінін атап өтті.

— Біле білгенге, жедел жәрдем қызметінде еңбек ететін әрбір дәрігердің адам өмірін сақтап қалуға есепті еңбегі зор. Түрлі тосын жағдайларға тап болып, жол-көлік оқиғасында зардап шеккен жолаушыларға мезетінде көмек беру — олардың басты міндеті. Бұл ретте сала мамандары үшін заманауи үлгідегі автокөліктердің қажеттілігі зор. Кейінгі жылдары жедел жәрдем автокөліктерінің басым көпшілігі ескіріп, талап үдесіне сай келмеуде. Бүгін, міне, тұрғындардың талап-тілектерін ескере келе, кәсіпорынға жаңа үлгідегі 20 жедел жәрдем реанимобилі табысталып отыр. Жергілікті бюджеттен 1 қызметтік автобус пен арнайы техника да берілді, — деді облыс әкімі.

Өз кезегінде қоғам қайраткері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Тұрғанбай Маханов та әріптестерін құттықтап, ізгі тілегін арнады.

Айта кету керек, реанимобильдер «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы алынды.

Кейінгі кездері өңірдің денсаулық сақтау саласында жағымды жаңалықтар жетерлік. Биыл Қазалы ауданының Әйтеке би кентінде 80 мыңнан аса халыққа бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін 250 келушіге арналған аудандық емхана ғимараты іске қосылса, амбулаторияға деген қажеттілігі бар Арал ауданы «Гастүбек» және Қазалы ауданының Жұбан елді мекендерінде 2 медициналық бекет пайдалануға берілді. Сонымен қатар, тамыз айында шаһардың сол жағалауынан құны 2,7 млрд теңгені құрайтын облыстық Қан орталығының іргетасы қаланды. Мұнан бөлек, алдағы 2 жылда «Ауылдық денсаулық сақтаушы жаңғырту» ұлттық пилоттық жобасы аясында құны 9,7 млрд теңгеге 27 жаңа нысан салынады деп күтілуде. Оның басым бөлігі дәрігерлік амбулатория болмақ. Ал келер жылы 36,4 млрд теңгеге Қызылорда қаласынан көпсалалы аурухана мен емхана құрылысы басталмақ. Жұмысты жүргізу үшін келер жылға республикалық бюджеттен 750 млн теңге қаражат бөлу туралы шешім қабылданды.

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Кеше өткен игі шараның бірі — пәтер кілттерінің табысталуы. Нұрлыбек Нәлібаев ел ағаларымен бірге көпбалалы отбасыларға

сол жағалау аймағынан іргесі көтерілген 50 пәтерлі жаңа арендалық көпқабатты тұрғын үйді тарту етіп, қоныс тойымен құттықтады.

— Туған жеріміз Қызылорда қаласы кейінгі уақытта қарқынды құрылыс аймағына айналды. Зәулім ғимараттар бой түзеп, жаңа ықшам аудандар салынып, шаһардың сәулеттік келбеті көркейе түсті. Жаңа бастамалар сәтті жүзеге асуда. Бүгін де міне, салтанатты түрде жаңа арендалық көпқабатты тұрғын үйді жерлестерімізге тарту етудеміз. Сапалы да зәулім үйді тұрғызған мердігер мекеме «Асар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Қанағат Сақтағановқа барша қала тұрғындарының атынан алғысымды айтамын. Шаңырақтарыңызда шаттық орнасын, әр жанұяға жақсылық, ынтымақ пен бірлік, амандық тілеймін, — деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, «Асар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің есебінен 2600 шаршы метрді құрайтын бес қабатты 40 пәтерлік арендалық тұрғын үй 6 жылдан бері кезекте тұрған көпбалалы аз қамтылған отбасыларға берілуде.

Биыл қаржыландырудың барлық көздері есебінен 683 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланды. Аймақта «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 1764 пәтерді құрайтын 41 тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде 1044 пәтерді құрайтын 26 тұрғын үйді жыл аяғына дейін ел игілігіне беру жоспарланған.

Міне, осылайша қараша айының бұл аптасы жақсы жаңалықтарымен айшықталып отыр.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Аудан жаңалықтары



«АУЫЛ АМАНАТЫ» — АУЫЛ ХАЛҚЫНА

АРАЛ

Аудан әкімінің орынбасары Еркін Әбішевтің төрағалығымен «Ауыл аманаты» жобасы бойынша жиын өтті. Пилоттық жоба ауыл халқының табысын арттыруды көздейді.

Жиынға ауыл әкімдері, кәсіп ашуға ынталы тұрғындар мен кәсіпкерлер қатысты. Кездесу барысында ауыл азаматтары сұрақтары мен ұсыныстарына нақты жауап алды.

АҚЫНДЫ ЕСКЕ АЛДЫ

ҚАЗАЛЫ

ҚР Мәдениет қайраткері, ақын Жетіскен Мәкенәлінің 70 жылдығына арналған жазба ақындар мүшәйрасы өтті. Іс-шараның ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетов сөз сөйлеп, ақынның жары Марияш Мардановаға арнайы сый-құрмет көрсетті.

Мүшәйраға Қызылорда қаласы мен барлық аудандардан 12 талапкер қатысып, бақ сынады. Байқау қорытындысы бойынша жүлделі I орынға Арал ауданынан келген Алтынбек Қыстаубаев ие болды.

КЕЛЕР ЖЫЛДЫҢ ҚАМЫНА КІРІСТІ

ҚАРМАҚШЫ

Аудан әкімі Әділбек Ерсұлтановтың төрағалығымен өткен жиында алдағы жылы егін егу, өртараптандыру және суармалы технологияларды қолданысқа енгізу мәселелері қаралды.

Биыл аудан бойынша 24 мың гектардан астам егін жиналды. Күріштің әр гектарынан 60 центнерден өнім алынып, қамбаға 76,6 мың тонна астық құйылды. Мәжіліс барысында аудан әкімі тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАДЫ

ЖАЛАҒАШ

Аудан әкімі Асқарбек Есжанов тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Тұрғындар өтініш-тілектерін жеке жеткізіп, мәселелерінің оң шешімін табуына ықпал жасауды сұрады.

Қабылдауда 7 азаматтың өтініші қаралды. Аудан басшысы мәселелер бойынша заңдылығына қарай шешім қабылданатынын айтып, жауапты сала басшыларына нақты тапсырма берді.

АУЫЛ ЖАСТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

СЫРДАРІЯ

Аудан әкімінің орынбасары Димаш Байдушев «Айдарлы», «Жетікөл», Аманкелді, «Іңкәрдария» ауылдық округтерінің белсенді жастарымен кездесті. Басқосуда жастар өздерін ойландырып жүрген сауалдарын қойып, алдағы жоспарлар туралы пікір алмасты.

Д.Байдушев жастар тарапынан қойылған сұрақтар мен ұсыныс-тілектерді назарға алып, оңтайлы шешімін табуына аудандық бөлім басшылары мен ауыл әкімдері тарапынан жұмыс жасалатынын жеткізді.

АҚЫНДАР ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ЖЫРЛАДЫ

ШИЕЛІ

Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік — мәңгілік елдің тұғыры!» атты аймақтық жастар айтысы өтті. Жыр додасына алты ақын қатысты.

Облыстың жас акындары жырдан шашу шашып, көрермен қошеметіне ие болды. Қазылар шешімімен айтыстың бас жүлдесін аралдық ақын Бексұлтан Орынбасаров иеленді. I орынға Шиелі ауданының ақыны Шыңғыс Құдайбергелі, II орынға қармақшылық Сырым Әділбек, III орынға Қызылорда қаласынан келген Бақдәулет Әбілдаев лайық деп танылды.

АУЫЛДАРДЫ АРАЛАДЫ

ЖАҢАҚОРҒАН

Аудан әкімі Мұрат Тілеуімбетов және аудандық мәслихат хатшысы Ғалымжан Солбеков Манап, «Талап», Жаманбай Батыр ауылдарында болып, тұрғындармен кездесті. Әр кездесуден соң аудан басшысы ауыл тұрғындарымен жеке қабылдау өткізді.

Аудан басшысы биыл «Бірлік» және «Қыраш» ауылдарына газ жүргізу толық аяқталып, алдағы жылы «Шақия», Құттықожа мен «Төменарыққа» газ тарту жұмыстары қолға алынатынын айтты. Одан кейінгі жылы Сыр мен тау беткейіндегі елді мекендерге газ құбыры тартылады. Жоспарға сәйкес 3-4 жылда ауданға толықтай газ келеді.

«СБ» ақпарат

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МӘРТЕБЕСІ БАР АЛҒАШҚЫ ЗАҢ

Баршаңызға мәлім биыл 5 қарашада жария түрде еліміз үшін ең маңызды 6 заңға қол қойылды. Сол құжаттардың бірі — «Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы» Конституциялық Заңы. Жаңадан қабылданған «Прокуратура туралы» заңға Конституциялық Заң мәртебесі беріліп, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқық қорғау функциясы біршама күшейтілді. Бұл — еліміздің тарихында прокуратура органдарына қатысты конституциялық мәртебесі бар ең алғашқы заң.



Екінші. «ҚР Прокуратурасы туралы» Конституциялық Заңы бойынша енді прокурорлар елден заңсыз шығарылған сырттағы активтерді қайтарумен тікелей айналысады. Заңның 10-бабы 27-тармақшасында прокурордың өкілеттілігіне қылмыстық жолмен алынған кірістерді шетелден қайтару, оның ішінде қылмыстық процесстен тыс мемлекеттің мүддесін білдіру бойынша халықаралық ынтымақтастық жөніндегі қызметті үйлестіру жұмысы берілген.

Үшінші. Прокуратураға кәсіпкерлік субъектілерін тексеру құқығы берілді. Бірақ оның ерекше тәртібі бар. Барлығын оңды-солды тексере алмайды. Заңның 3-тарауы 18-бабына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру Қазақстан Республикасы Президентінің, Бас Прокурордың тапсырмасымен және олардың келісімі бойынша ғана жүргізіледі.

Төртінші. Заңды бұзуға жол

бермеу туралы түсіндірме енгізілді (32-бап). Ендігіде прокурорлар заңды түсіндіру жұмыстарын тек ауызша жеткізумен шектелмейді. Бұдан кейін заңды түсіндіру, құқық бұзушылықтың алдын алу үшін жазбаша, ауызша не жария нысанда түсіндіреді және оларға заңда белгіленген жауаптылық туралы ескертеді (41-бап).

Бесінші. Бұрын прокурорлар екі жағдайда ғана нұсқау бере алатын. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру және жедел іздестіру қызметі бойынша. Ал қазір осылармен бірге әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қосымша тексеріс жүргізуге, атқарушылық іс жүргізуге, жазаларды орындауға, прокуратураның талабы бойынша жүргізілетін тексерулерге, мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері бойынша да жазбаша нұсқаулар бере алады (35-бап).

Алтыншы. Жаңа Заңда прокурордың қандай жағдайда қаулы шығаратындығы жеке атап көрсетілген (37-бап). Бұрынғы Заңда прокурор тек қана тәртіптік іс жүргізуді қозғау, тексеріс жүргізу, күштеп әкелу, құқықтық актінің қолданысын тоқтата тұру немесе шектеу сипатындағы шаралардың күшін жою туралы қаулыларды ғана қабылдайтын. Ал жаңа заңда прокурор жедел іздестіру іс-шараларын жүргізу туралы, күзетпен ұстау, жазасын өтеп жатқан, сондай-ақ probation есебінде тұрған адамдарға қатысты тәртіптік жазалар мен көтермелеулердің күшін жою, лауазымды және өзге де адамның актісін немесе әрекетін тексеру не өтінішті қарау аяқталғанға дейін үш жұмыс күніне дейін тоқтата тұру, сот орындаушыларының заң-

сыз актілерінің күшін жою және прокурорлық қадағалау актісін мәжбүрлеп орындау туралы қаулы шығарады. Заңда бұл қаулылардың барлығы міндетті түрде орындалуға жатады.

Жетінші. Жаңа Заңда атап өтуге тиіс тағы бір жағдай прокурорлардың ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі туралы (Заңның 10-бабы). Прокурор өз қызыретіне сәйкес дербес деректерді және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, ақпаратқа, мәліметтер мен құжаттарға, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерге, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерге, атқарушылық іс жүргізуге және өзге де материалдарға, сондай-ақ құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелері мен ресурстарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қол жеткізуге құқылы. Яғни, қажеттілік туындаған жағдайда прокурор тиісті тәртіптерді сақтай отырып, кез келген ақпаратқа қол жеткізе алады.

Қабылданған жаңа құжат «ҚР Прокуратурасы туралы» Конституциялық Заңындағы ең негізгі деген басымдықтар мен өзгерістер реті осындай. Алдағы уақытта еліміздің тұтастығын сақтау және азаматтарымыздың бостандығы мен құқықтарын қорғау жолында қабылданған конституциялық жаңа заңның атқаратын рөлі зор. Барша отандасымыздың құқықтары мен мүмкіндіктерін нақпен қорғалып, қолдау табады деген сенімдемін.

Н.БИЖАНОВ,
Қызылорда облысының
прокуроры

ҚАУІПСІЗДІК ҚАШАН ДА МАҢЫЗДЫ

Төтенше жағдайлар министрлігінің даму перспективаларына тоқталған министр бүгінде өңірде өртке қарсы қызметті 16 бөлімше қамтамасыз етіп отырғанын атап өтті. Бұл жеткіліксіз. Сондықтан кезек күттірмейтін мәселенің бірі — тағы екі бөлімше ашу. Облыс орталығының сол жағалауының белсенді дамуы, жаңа әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлердің салынуы Қызыл-

орда қаласында да, басқа елді мекендерде де қосымша өрт сөндіру бекеттерін салу мақсатында аумақты дамытудың облыстық жоспарын қайта қарауды талап етеді. Жалпы өрт сөндіру бөлімшелері әртүрлі мақсаттағы 106 техниканы жабдықталған. Жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен биыл 44 бірлік өрт сөндіру және авариялық-құтқару техникасы, министрлік арқылы үш өрт сөндіру көлігі сатып алынды. Жыл соңына дейін тағы үшеуін

жеткізу жоспарлануда. Сонымен қатар, әкімдіктер құрған 22 өрт сөндіру бекеті бар. Олар 107 мыңнан астам адам тұратын 52 елді мекенді өрттен қорғауды қамтамасыз етеді.

Төтенше жағдайлар министрлігінің материалдық-техникалық жарактандырылуын жақсарту бойынша да ауқымды жұмыс атқарылған. Бүгінде бұл көрсеткіш республика бойынша 75 пайызға жетті. Қорыта келе, Төтенше жағдайлар министрі Ю.Ильин кездесуге қатысушылардың

сауалдарына жауап берді. Тұрғындар облыс орталығының сол жағалауында өрт сөндіру депосын салу, қалааралық тасымалдаушылар үшін мобильді қосымшаларды енгізу, Төтенше жағдайлар министрлігінің бөлімшелерімен бірлесіп жұмыс істейтін жергілікті еріктілерді ынталандыру секілді мәселелер бойынша сауалдарына жауап алды.

Кездесу соңында Төтенше жағдайлар министрі БАҚ өкілдеріне де брифинг берді.

ЖЫЛ МӘРЕГЕ ЖАҚЫН ГАЗДАНДЫРУДА НЕ ЖАҒАЛЫҚ?

Жалпы биыл өңірді газдандыру жобаларына 5,8 млрд теңге ақша бөлінген. Оның 4,3 млрд теңгесі республикалық бюджеттен болса, облыс қазынасынан 542 млн, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 795 млн және «Жұмыспен қамтудың жол картасы» шеңберінде 257 млн теңге қаржы қаралыпты. Бұл өңірдегі 14 газбен жабдықтау жобасына арналған. Оның ішінде биыл 8 жоба аяқталса, келесі жылға өтпелі 6 жоба бар. Бұл жобалар іске асқан жағдайда өңірдегі 19 мыңға жуық халық табиғи газға қосылу мүмкіндігіне ие болады.

Жоғарыда айтып кеткен, пайдалануға берілген жобалардың ішінде Терөзек кентінде газ құбыры тартылмаған көшелер де бар. Ал биыл құрылысы аяқталатындардың қатарында Жаңақорған ауданындағы «Бірлік» пен «Қыраш» ауылдары, Қазалы ауданындағы Қ.Пірімов, Жалаңтөс батыр және «Басықара» елді мекендері кіреді.

– Биылғы жылдың екінші жартысынан бастап Қармақшы ауданындағы «Төретам» кенті мен «Ақай» ауылын, Аралдағы «Сексеуіл» кентіне газ тарту және Шиелідегі «Тартоғай» ауылы жанынан автоматты газ тарту станциясын орнату жұмыстары жүргізілуде. Былтыр басталған қалаға қарасты «Наурыз» бен Ж.Маханбетов елді мекендеріне құбыр тарту құрылысы да өз деңгейінде атқарылып жатыр. Келесі жылы бұл жұмыстар аяқталады деген сенім бар. Жалпы жыл соңына дейін облыстағы газдандыру деңгейін 68 пайызға жеткізсек дейміз, – дейді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жоламанов.

Е.Жоламановтың айтуынша, облыстағы елді мекендерді тауарлы газбен қамту «Ақшабұлақ-Қызылорда» және «Бейнеу-Шымкент» магистралды газ құбыры арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 15 маусымдағы №353 қаулысына сәйкес магистральді газ құбыры жөніндегі ұлттық оператор болып «Интергаз Орталық Азия» АҚ бекітілген.

Тағы бір айта кететін жайт, өңірде екі газ тарту ұйымы бар. Бірі «Қызылорда газ тарту жүйесі» КМК болса, екіншісі – «ҚазТрансГАЗ Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы.

– Облыс тұрғындарын табиғи газбен қамтамасыз ету үшін 14 автоматтандырылған газ тарту станциясын (АГТС) салу жоспарланған еді. Бүгінде 9 станция пайдалануға беріліп, өз қызметін атқарып тұр. Бұған қосымша «Тартоғай» ауылы мен «Сексеуіл» кенті маңындағы АГТС-тің құрылысы жүргізілуде. Енді екі станция – «Бесарық» пен «Қамыстыбас» ауылы маңындағы станция құрылысын 2025 жылға дейін іске асыру жоспарланса, қалған «Ақсуат» ауылы маңындағы АГТС-ті қосу мәселесі 2025 жылдан кейін қаралады. Жалпы облыстағы газ тұтыну көлемі 2014 жылмен салыстырғанда 43,7 пайызға артты. Бұл жерде «көгілдір отынның» 60 пайызын «Бейнеу-Шымкент» магистральді газ құбырынан алсақ, қалған 40 пайызы «Ақшабұлақ-Қызылорда» магистральді газ құбыры арқылы жеткізіледі, – дейді Ерлан Жоламанов.

Тағы бір ерекше жаңалық, келесі жылға салалық министрлікке 15 газдандыру жобасы ұсынылған. Бұның жалпы құны 12 млрд теңге шамасында. Салалық министрліктен қолдау болып, қаржысы қаралса, газ құбыры тартылатын көптеген елді мекен жетерлік. Мысалы, бұлардың қатарында қала маңындағы Абай мен «Досан» ауылы, Шиелідегі «Бестам», «Еңбекші», «Жиделіарық», Жаңақорғандағы «Жайлау» ауылы, «Шалқия» кенті мен Құттықожа, «Төменарық» және «Кейден» елді мекеніне «көгілдір отын» апару жоспарланған. Облыс орталығына жақын Сырдария ауданына қарасты С.Сейфуллин, Қалжан ахун, Жалағаштағы «Ақсу» ауылдары да осы тізімде тұр. Ал Қазалы ауданындағы дарияның бергі және арғы бетінде орналасқан Ақтан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Ү.Түктібаев және «Майдақ» ауылдарына газ апару мәселесі келесі жылы нақтыланбақ.

Айтпақшы, осы жұмыстармен қатар, Қармақшыда да оң жаңалық бар. Ол Дүр Онғар ауылына қатысты. Осындағы «Жаңажол» ЖШС демеушілігімен газ құбырын тартуға жоба-сметалық құжатты әзірлеп, сараптамадан өткізілді. Бұл – осы ауданға қарасты Сырдария өзенінің арғы бетінде орналасқан 10 елді мекенді болашақта табиғи газбен қамтамасыз етуге әбден болады деген сөз.

Газға көшу экологиялық жағдайды жақсартуға оң әсер ететіні белгілі. Иә, бұрын от жағып, күл шығармайтын қалалықтарға қызығатын ауылдағы ағайынға бұл дүние біртіндеп жетіп жатыр. Кейінгі бес жылда «көгілдір отынға» қол жеткізген ауылдар қатары көбейген.

Талай жыл көмір жағып, ыс пен қою түтіннің құрсауында отырғанға газдың пайдасы тіпті мол. «Көгілдір отын» көмірмен жылытудан арзанға шығады. Бәрінен бұрын бейнетін айтсаңыз. Енді тұрғындардың тұрмыс тауқыметін азайтып, әлеуметтік жағдайына оң әсер етеді. Ең бастысы, жыл сайын газдандыру жұмысы қарқын алып, халықтың игілігі еселей түседі. Байқасңыз, ауылдың тұрмыс мәдениеті қаланың қарымына иек артып келе жатыр. Ауысу, жол, жарық, енді газ жетсе тіршілік, тұрмыс атаулының жаңа сипатқа көшкені емес пе?! Демек, Сырда серпін бар әрі жалғасты болғай дейік.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ОРТАҚ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген Қазақстан кәсіпкерлерінің құқығын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсіновпен кездесті.

Басқосуға уәкіл Сыр еліндегі кәсіпкерлермен кездесу барысында қозғалған мәселелерді жеткізіп, бизнес иелерінің ортақ мәселелері бойынша пікір алмасты.

Аймақ басшысы өңірдегі шағын және орта бизнес саласын дамытуға мүдделі кәсіпкерлерді қорғау жұмыстары әрдайым назарда екенін тілге тиек етіп, өңірде проблемалық мәселелер туындамайтынын жеткізді.

Айта кетейік, Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында Рустам Жүрсінов және «Атамекен» ҰКП Басқарма төрағасының орынбасары Ербол Өстеміров кәсіпкерлерді жеке мәселелерімен қабылдап, сауалдарына жауап берді және құқық қорғау органы басшыларымен кездесті.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

КӘСІПКЕРЛЕР ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛЫП ЖҮР?

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқығын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсінов және «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасының орынбасары Ербол Өстеміров Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келді.

Олар сапар барысында қызыл-ордалық кәсіпкерлерді жеке мәселелерімен қабылдады.

Қабылдауға келген «Гежуба Шиелі компаниясы» ЖШС-ның бас директоры У Ченьхуа өндіріс нысандарының санитарлық-қорғау аумағына қатысты мәселені көтерді. Бұл компания 2018 жылдан бері өңірде цемент өндірумен айналысып келеді. Жылына 1 млн тонна цемент өндіре алады. Жобаның инфрақұрылымына бюджеттен 2,5 млрд теңге, ал кәсіпкердің 64 млрд теңге қаржысы салынған.

Алайда 2021 жылдың соңында кәсіпорын орналасқан Шиелі ауданы, Ш.Қоламанов ауылының тұрғындары санитарлық-қорғау аумағы талаптарының сақталмауына шағымданып, сотқа береді.

Нәтижесінде биыл сәуірде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты цемент зауытына берілген санитарлық-қорғау аумағына қатысты сала мамандары қорытындысының күшін жойды.

Ерекше атап өтетін жайт, облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің берген ақпаратына сүйенсек, өңірде санитарлық-қорғау аумағының көлемін азайту жөнінде 15 кәсіпкерлік субъектісі

67 рет өтініш берген. Өтініштердің барлығы жоғарыда аталған негіз бойынша қанағаттандырылмаған.

Осылайша, жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлік нысандардың санитарлық аумағынан тұрғын үй құрылысы үшін жер телімдерін беруі алдағы уақытта облыстағы бірқатар ірі кәсіпорындар жұмысының жаппай тоқтауына алып келуі мүмкін.

– Осындай проблема Батыс Қазақстан облысында да болды. Кеше Түркістан облысына бардық. Онда да дәл осындай жағдай. Жергілікті атқарушы органдар санитарлық-қорғау аумақтарына қатысты талаптарға қарамастан, жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімдерін табыстаған немесе өнеркәсіп кәсіпорындарын салуға рұқсат берген. Бұл өте күрделі мәселе. Оны шешуді бүгін қолға алмаса, алдағы уақытта қиын болуы мүмкін, – деді Рустам Жүрсінов.

Бұл ретте «Атамекеннің» басқарма төрағасының орынбасары Ербол Өстеміровке прокуратурамен бірлесіп, санитарлық-қорғау аймақтарына жаппай талдау жүргізу тапсырылды. Талдау нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы органдарға санитарлық-қорғау аймақтарының болуына назар аударуды қатаң бақылауға алу туралы ұсыныс енгізуді және аталған мәселені

Үкіметтің қарауына да шығару жүктелді.

Қабылдауға келген «Марал-Нұр» ЖШС құрылтайшысы Мұрат Нұрсанов қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесіне бірқатар тауарларды енгізу мәселесін көтерді.

Республика көлемінде кәсіпкерлердің жан-жақтан бірнеше рет берген өтініштерінің негізінде жақында, 21 қазанда ҚР Ұлттық экономика министрлігінің 2018 жылғы 21 ақпандағы «Қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін және оны қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізілді.

Алайда бұл тізбеге «Өздігінен жүрмейтін темір жол немесе трамвай, жолаушылар вагондары, өздігінен жүрмейтін жүк, почта және өзге де арнайы темір жол немесе трамвай вагондары» тармағы енбей қалады. Бұл тармақ осы жылдың 1 қаңтары мен 1 сәуірі аралығында қолданылған тізбеде болған.

Қабылдауда көтерілген проблемалардың басым бөлігі мәмілелерді жарамсыз деп тануға қатысты.

Қызылорда облысы бойынша 9 айда сотта мәмілелерді жарамсыз деп тану жөнінде 150 іс қаралды. Бұл талап-арыздардың 127-сі немесе 83%-ы мемлекеттік органның пайдасына шешілсе, тек 25-де ғана немесе 17%-да ғана кәсіпкер жеңген.

АҢ-ҚҰС – БАЙЛЫҚ ТАБИҒАТ ТАҒЫЛЫҚТЫ КЕШІРМЕЙДІ

«БАРСАКЕЛМЕСТІҢ»
БАЙЛЫҒЫ КӨБЕЮДЕ

Облыста жалпы көлемі 163126 мың гектар жерді құрайтын, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, оның ішінде Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне қарасты «Барсакелмес» мемлекеттік табиғи қорығы мен аумағы 31,2 мың гектар «Тораңғылсай» және «Қарғалы» мемлекеттік табиғи қауымалары бар. «Барсакелмес» қорығы – Тұран шөлінің солтүстік және орташа экожүйелерін қорғайтын Еуразиядағы бірден-бір аймақ екені белгілі. Аумағында өсімдіктің 325 түрі бар. Оның ішінде 5 түрі «Қызыл кітаптың» есебінде. Пайдалы, емге қажеттілері де жетерлік. Изен, тамыр жусан, еркекшөп, қау, ажырық сияқты мал азығына қажетті шөп те өседі.

Қорықта құстың түрі мол. 250 түрлі қанатты осында тіршілік етеді. Сонымен қатар, ерекше қорғалатын құлан, қаракүйрек, шағыл мысығынан бөлек, қарсақ, құм қояны, зорнам, сұр атжалман, қалқанқұлақты кірпі көп кездеседі. Мұнда қасқыр мен түлкі де жеткілікті.

Биылғы күзгі санақ бойынша, «Барсакелместе» 762 бас түркімен құланы, 47 бас акбөкен мен 227 бас қаракүйрек бары анықталған. Мұнымен бірге қорықта қабан көп. Сирек кездесетін шағыл мысығы да сирек аумағынан ұшырасып тұрады. Иә, сирек кездесетін жануарлар санының артуына, сақталуына қорықтың қатаң тәртібі қолайлы жағдай туғызатыны белгілі. Былтырғымен салыстырғанда, бұл көрсеткіш едәуір артқан дейді мамандар.

АТУҒА ЖӨНЕ АУЛАУҒА...

Бір ескерер дүние бар. Қазақстан Республикасының 9 шілде 2004 жылғы «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» №593 Заңының 45-бабына сәйкес, жануарлар түрлерінің санын реттеу биологиялық негіздеме арқылы жүргізіледі.

Биылғы жылдың бірінші шілдесінен бастап келер жылдың шілдесіне дейін аймақ бойынша 113 мың 428 жануар мен құс атуға һәм аулауға лимит берілген. Олардың санын реттеу осы көрсеткіштен аспауы тиіс. Бұл – бір жағынан, жеті аудан мен қала орталығындағы әуесқой аншыларға

қатысты дүние. Әлгі цифрды тарқатып айтсақ, мысалы, жануардың 4 түрін аулауға рұқсат бар. Бұл – 37723 бас. Оның ішіне 2955 қабан, 862 түлкі, 33307 қоян және 639 борсық кіреді. Құстарда да солай. Бекітілген 75665 бас құстың алты түрін аулай аласыз. 6 мың бас қаз, 25 мың үйрек, 663 шіл, 27527 қасқалдақ, 3210 кептер және 19265 қырғауыл осы тізімде.

Айта кету керек, бұл жануарлар мен құстарды кез келген уақытта аулайсыз деген сөз емес. Әрқайсысының белгілі уақыты бар. Облыстық жануарлар дүниесі және орман шаруашылығы аумақтық инспекциясының мәліметіне сүйенсек, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылғы 25 ақпандағы №18-03/157 бұйрығымен бекітілген «Аң аулау қағидаларының» 11-қосымшасына сәйкес ресми орынан ғана рұқсат алыну керек.

Жоғарыда айтқандай, әр құс пен аңның санын шектеуде белгіленген мерзім болады. Мысалы, бөдене мен кептерді 20 тамыздан 30 қарашаға дейін, ал қабанды қыркүйектің бірінші сенбісінен 31 желтоқсанға дейін аулай аласыз. Қаз, үйрек, қасқалдақты да қыркүйектің алғашқы онкүндігінен бастап атуға болады. Бірақ 15 желтоқсаннан кейін мылтықтан оқ шықпауы тиіс. Ал қырғауыл сорпасына құмарлардың 1 қарашадан бастап жыл соңына дейін ғана уақыты бар.

Борсық майын емдік үшін іздейтіндер қыркүйек басталысымен 15 желтоқсан аралығында шығуына болады. Ақ қоян, ор қоянды көздейтіндер қарашадан бастап 15 ақпанға дейін із кесе алады. Ал құм қоянына аулауды да қарашадан бастауға болады. Тек 31 қаңтардан кейін мылтық кезеңбесеніз болды.

Айтпақшы, биылғы биологиялық негіздемеге сәйкес, облыстан 264 бас қасқыр мен 8 мыңнан астам шибөрі санын реттеуге лимит берілген екен. Қазір қасқыр аулау лимиті толық игеріліп, бұған қатысты рұқсат құжатты берілмеуде. Ал шибөріні жоюға рұқсат қағазыңыз болса, еш кедергі жоқ.

АҢ КӨЗДЕУДЕН БҰРЫН
АЙЫППҰЛЫН ОЙЛАЙЫҚ

Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының бөлім басшысы Рахымжан Бұрабаевтың айтуынша, табиғат байлығын қорғауда атқарылған іс аз емес. Әр жыл сайын инспекциямен бірге табиғи ресурстар мен табиғат пайдалануды реттеу

басқармасы, «Охотзоопром» ӨБ» мекемесі, сондай-ақ құқық қорғау және өзге де органдармен бірлескен арнайы іс-шара жоспары жасалып, бекітіледі. Осы бойынша табиғат мүлкін аршалашу бағытында аталған мекеме қызметкерлерімен бірлескен рейд тұрақты жүріп келеді.

Айналадағы жорғалаған аң мен ұшқан құс мемлекеттің мүлкі екені белгілі. Заңсыз аттыңыз ба, зиян келтіргеніңіз үшін айыппұл арқалайсыз, тіпті, одан көп мөлшерде залал келтірсеңіз, түрмеге түсу жағы да қарастырылған.

Кешегі қараша айына дейінгі жағдай бойынша жануарлар дүниесіне қатысты 23 аң бұзушылық анықталды. Оның 20-сы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, қалған үш іс құқық қорғау органдарына жолданды. Браконьерлерден тәркіленген заттардан мемлекетке келтірілген шығын мөлшері де есептелген. Мысалы, 1 бас қоян 22972,5 теңгені құраса, 1 бас акбөкен аңының серкесі үшін 6 млн 891 мың 750 теңге, ал аналығы мен төліне 4 млн 824 мың 255 теңге мемлекетке шығын келтіру болып табылады. Мұнан бөлек, сотты болған азаматтан қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы, көлік құралдары, айналымнан алынған мүліктердің барлығы тәркіленеді. Осындай заң талаптарын кейбір құқық бұзушылар «билмегендіктен жасадым» деп ақталатыны рас. Алайда, заңды білмеу жауапкершіліктен босатылады деген сөз емес, – дейді Рахымжан Бұрабаев.

Бізге белгілісі, киік пен қаракүйрек Сырда аз кездеспейді. «Қызыл кітапқа» жазылған жануарларды қорғау кейінгі жылдары тым қатты күшейгені белгілі. Бірақ ғылыми мақсаттан басқаға пайдалануға мүлде тыйым салынған тіршілік иелерін әлі де мазалайтындар бар бізді. Ал заңда не деп көрсетілген? Мүқият оқынышы. Толық мазмұны мынадай: «Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктерін мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының м.а. 2015 жылғы 24 шілдедегі №190 бұйрығының талабына сәйкес ғылыми мақсаттарда пайдаланудан басқа, ҚР бүкіл аумағында киіктерді, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға 2023 жылға дейін тыйым

салынған».

Солай десе де, шектеуге қарамастан осы екі жануарға қатысты қылмыстық іс тіркелуде. Иә, заңмен мықтап, сөзбен шегелеп айтқан тыйым салынған дүниеге құмарлар азаймай тұр.

Бір ғана мысал, «Охотзоопром» ӨБ» РМҚК өңірлік филиалының қызметкерлері заңсыз аңшылықпен айналысу бойынша 15 қылмыстық істі ашқан. Осының ішінде акбөкенге қатысты 10 іс болса, біреуі тоғай бұғысына қатысты болып отыр. Қалғаны қоян мен құс ату бойынша тіркеліпті. Мұнан бірнәрсені байқайсыз, киікке құмар аңшылар әлі де бар деген сөз.

Айта кетейік, аталған мекеме осы кезге дейін құқық қорғау органдары және табиғат қорғау мекемелерімен бірге 34 бірлескен рейд жүргізіп, аң аулау ережелері жайлы халық арасында түрлі үгіт-насихат жасап келеді. Сондай-ақ аймаққа қарасты «Охотзоопром» ӨБ» РМҚК филиалында 40 инспектордан құралған 8 мобилдік топ қатаң қорғалатын киік және сирек кездесетін өзге де аң түрлерін браконьерлерден сақтап келеді.

Табиғат тыныштығын бұзатындар әлі де сиремей тұр. Нақты сандық мәліметті жоғарыда келтірдік. Келтірілген залал үшін кейбірі өте көп сомада шығынға батқан. Әрине, бұның ішінде сотты болып (киік ату) жатқандардан бөлек, жай табиғат заңдылығын сақтамау арқылы ұсақ құқық бұзушылық жасағандар да жетерлік.

Ал бар байлықтың берекетін алған броконьерлермен күресте табиғат сақшыларының төккен терін ұмытпасақ дейміз. Үйден гөрі түздегі жүрсіі көп инспекторлардың енбегі мың мәрте мадақтауға лайық.

Қорыта айтсақ, қорықшылардың негізгі міндеті – рұқсатсыз аң-құс, балық аулаушылардың жолын кесу, аң-құстың қауіпсіздігі мен көбеюіне үлес қосу. Орман рұқсат берілмей жатып немесе арнайы лицензиясы жоқ аңшылар табиғатқа зиян келтірген жағдайда, заң аясында белгіленген айыппұл салуға да құқылы. Тіпті бағынбаған не оқыс оқиға болған жағдайда атыс құралын да қолдана алады. Ең бастысы – қажетті дүниеге, яғни, өзіміздің табиғат жаратылыстарына өзіміз қамқор болсақ болғаны. Бізге жетіспейтіні де – сол.

Е.БЕКМЫРЗАҰЛЫ,
«Сыр бойы»

● ТӘРБИЕ ТІНІ

БАЛАҢДЫ
АЯСАҢ,
АЯМА

Кез келген саналы адамның тірі күнінде арғы дүние жайлы, бұл өмірге не үшін келгені жайлы, осынау ұшы-қиыры жоқ шексіздіктің мағынасын, маңызын іздеуі, осы тақырыптар турасында ойлануы – табиғи құбылыс. Сау ақыл иесі жасы ұлғая келе осы нәрселер жайында ізденіп, жауап тапқысы келеді.

Данағөй ақын Шәкәрім де:

«Келдім қайдан?

Қайтсем пайдам?

Өлгеннен соң не болам?» – деп, өзінен кейінгі барша адамзат баласына үш-ақ сұрақ қойып кетті. Ақынның философиясы бойынша, егер осы үш сұраққа кім жауап бере алса, сол адамның жаны толық болмақ. Иә, адам баласы екі түрлі бөліктен құралады десек, бұл сұрақтарға тәңнің қажеттіліктері сияқты материалдық заттармен жауап бере алмаспыз анық. Ендеше, бұл сауалдарға жауапты тек руханияттан табамыз. Ал, руханияттың негізінде, әрине, дін тұрады. Адам жаны – құбылмалы жаратылыс. Адамның тәні ашыққаны сияқты рухы, яғни, жаны да ашығатыны – талассыз іс.

Хош, бұл тақырып әрбір саналы адамды толғандыратын болса, әрбір адамның жаны осы қажеттіліктерді талап ететін болса, сіздің үйіңізде тәрбиелеп отырған, өтпелі кезеңде жүрген жасөспірім балаңызды да бұл сұрақтар мазалауы бек мүмкін. Ал, сіз қашан балаңызбен дін тақырыбында сөйлестініз?

Қазіргі біз өмір сүріп жүрген қоғам – материалдік қоғам. Тиісінше, ата-ана да баласының, көбінесе, материалдық қажеттіліктерін ғана өтеуге тырысады. Тіпті кей ата-аналар баласымен мүлде сырласпайды. Бұл – қазіргі таңда қазақ отбасыларының арасында болып жатқан дүние. Осыдан кейін бала мұндай рухани сауалдарына сыртқы ортадан не әлеуметтік желіден жауап іздей бастайды. Оның салдарын күнделікті өмірде көзіміз көріп, құлағымыз естіп жүр. Ата-ананың бала тәрбиесінде жасаған салғырттығынан, баланың рухани әлеміне көңіл бөле бермейтінінен көп жастар, әсіресе, мектеп жасындағы жеткіншектер жат ағым жетегінде кетуде. Теріс жолда жүргендер үшін осындай буыны бекіп, бұғанасы қатпаған, оң-солын айыра алмайтын жас жеткіншектерді құрығына түсіру оңайға соғады. Тіпті балаларымыздың кішкентайынан смартфонға үңіліп, әлеуметтік желіде үздіксіз отырғаны да деструктивті діни ағымның арбауына еріп кетуіне себеп болып отыр.

Баланың смартфоннан не қарап жүргенін ата-ана жиі қадағалап отырғаны дұрыс. Үлкендердің діни сауаты жоғары болмаса жеткіншектің бойына рухани иммунитет қалыптастыра алмаймыз. Сондықтан әрбір әке-шеше діни сауатын арттырып, баламен діни тақырыпта сөйлесуді дағдыға айналдырғаны жөн. Олай жасай алмаған жағдайда діни құндылықтарды бере алатын адаммен баланы достастыру керек. Мұнымен сіз балаңызды жат ағым жетегінде кетпейтіндей діни сауатты, жаны толық ұрпақ етіп өсіресіз. Міне, осылай ғана біз ұрпағымызды көлденең көк аттылардың жаман пығылынан сақтап, қорғай аламыз.

«Балаңды аясаң, аяма» дейді халқымыз. Демек, баланы жұмсамау жалқаулыққа алып барса, еркін жүрсін деп қадағаламаудың қайда аппаратына түсінікті. Осы нәрсе әркез ойымызда жүрсін, ағайын.

Бақберген СӘРСЕНБАЙҰЛЫ,
облыстық қоғамдық
даму басқармасы дін мәселелерін
зерттеу орталығының маманы

ALTYN
tin

● КІСІ АТТАРЫ

Айдай
керім емес пе,
біздің қыздар?

Қазақта Айкерім атты қыздар көп, әсіресе, осы бүгінгі күні. Біз бұл есімнің «айдай керім» деген мағанан туғанын жақсы білеміз. Бірақ, жазуға келгенде Айгерім (бұл жерде тіл заңдылығы орын алып тұр), кейде Әйгерім деп жазып жүрміз. Алайда, олардың түбірі бір – айдай керім.

Біздің халқымызды ат қоюға кенде деп кім айтты? Әрине, арабтан келген кісі аттары көп, соның өзін Зере әжеміз Абай деп қазақландырып алған ғой. Міне, қазақтың данышпандығы.

...Жақында көшеде келе жаттым. Кенет бір кісі жанынан алыстай берген кішкентай қызын «Адила» деп қаратты. Мына есімге де ойланып қалдым.

«Адила есімі негізі қазақтың тілдік қалыбына сай Әдила болуы керек әрі әдемі естіледі. Бұл арабтың «гадия» сөзінен, яғни, «әділдік» деген сөзден шыққан атау» деп танымайтын кісіге түсіндірмек болып оқталдым да, ыңғайсыз көріп тоқтадым.

...Араб демекші, қазақ есімдерінің біразы жана айтқанымыздай араб, парсы тілдерінен енген. Бұл – бізге исламды қабылдауымызбен байланысты келген ықпал. Бірақ қазіргі кезде сол сырттан атауын өз тілінің ыңғайына сындырып, өз сөзі ретінде сіңістіріп алған. Мысалы: Маханбет, Мұқан, Мәмбет аталатын қазақ есімдерінің төркіні Пайғамбарымыз Мұхаммедтің атынан шығады. Рахмет, Оспан, Баян секілді есімдер де арабтан алынған. Біз оларға қазақ тілінің қосымшаларын жалғау арқылы Рахметбек,

Оспанхан, Баянбай деген секілді туынды сөз жасап алғанбыз.

Негізінен адам аттары әр дәуірдің өз бейнесіне сай қойылады. Мұны кісі есімдерін зерттейтін ғылымның арнайы саласы антропонимика айтады. Мәселен, еліміз тәуелсіздік алған 1991 жылдан кейінгі туған ұрпақтың өкілі есімінен жазбай танысың. Абылай, Мағжан, Шәкәрім, Мұстафа, Жанқожа, Әли, Наурыз, Рамазан, Нұрсұлтан, Токтар, Айдын, Айгерім, Арай, Шұғыла, Сая, Макпал, Рауан, Райан, т.б. – соңғы ширек ғасырда ең жиі қойылған есімдер. Әңгіме басындағы Адила да осы қатарға жатады.

Мұның барлығы да – бізді қуантатын жағдаяттар.

Өкпеміздің қара қазандай болатын кездері де көп. Жақсыны көрсе ұқсап бағу әркімде-ақ бар шығар, дегенмен қазақ еліктегіш деген сөз сүйегімізге сіңіп кеткен бе деймін. Енді өз арамыздағы мына есімдерге назар аударыңыз: Ананди, Ардали, Бенладен... Мен қазақтан осы үш есімді де кездестірдім. Ананди – атақты «Келін» фильмінің кейіпкері, үнді актрисасы Ави-ко Гор. Кинода әдепті болып көрінгенмен, діни бөлек, ділі бөлек оның өмірде кім екенін құдай білсін. Қазақ қызына үлгі қылуға тұра ма, жоқ па? Ал, Усама бен Ладеннің аты әйгілі терроршылығымен шықты. Ислам атын жамылып, қарапайым халықтың қырғынына себепші болған адамның атын әулие көргенімізге не жорық? Ең сорақысы, Ардали атының қазаққа қалай келіп қалғанына таңғаласыз. Мен баласы-

на осылай ат қойған адамнан бұл есімнің мағынасын сұрағанымда «Ардалион деген орыс әкеммен жолдас болыпты, әкем сол есімді құрмет тұтатын, оның үстіне «ардақты» деген сөзге ұқсайды» деп жауап берді. Жақсы, әкең сыйлаған екен, сен де сыйла. Бірақ бұл православ есімінің мағынасы не? Оның мағынасы «лас» деген ұғымды білдіреді.

Антропонимика ғылымы адамның аты оның тағдырына әсер етеді деп болжайды. Адам есімін ауыстыру оның өміріне түбегейлі өзгеріс әкеледі деген сенім бар. Орыс әйелдерінің ерге шыққанда ататегін ауыстыратыны осыдан қалған. Бұл қисынсыз да емес. Кейбір тілдерде «тағдыр» деген сөз «ат қою» деген мағына береді-міс.

Осы тақылеттес ұғым ең әуелі Пайғамбарымыздың хадистерінде айтылған. «Перзенттеріңе көркем есім қойындар.» «Ақыретте сендерді өз есімдеріңмен және әкелеріңнің есімімен шақырады. Жаман есімдерің болса, ауыстырындар» делінеді қасиетті хадистерде. Демек, жақсы есім адамның бұл дүниелік қуанышы болса, о дүниелік таразысы екен.

Жалпы, менің айтпағым біздің балаларымыздың Адила сияқты өз есімдерінің мағынасын білмейтіні рас. Сонымен бірге Бенладен мен Ардали сияқты сынықсыз есімдерді алып жүрген өскіндеріміз қанша?!

Міне, осы мәселе ойлантатын. Ал, Айкерім деген есім тамаша емес пе?

Р.ДҮЙСЕНҰЛЫ

Облыстық Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жас отбасылар арасында «Жас отау» облыстық байқауы өтті. Сайыста Қызылорда қаласы мен 7 ауданнан іріктелген үздік отбасылар өзара бақ сынасты.

Ақтілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

ЖАС
ОТБАСЫЛАР
САЙЫСЫ

Облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Артур Камбаров жастар ұйымдары мен жас отбасыларды әлеуметтік қолдауға бағытталған іс-шараларға тоқталып, байқау қатысушыларына сәттілік тіледі.

– Халқымыз ежелден «Отан отбасынан басталады» деп шаңырақтағы шаттыққа, жарымен жарасым табуға, жасыл құрақтай жайқалған ұл-қызына тәлім-тәрбие беруге, ағайын-туғанның арасында сыйластық орнауына айрықша мән беріп, отбасы құндылықтарын сақтап келеді. Жаһандық сын-тегеуріндер уақытында отбасы институтын дамыту мен нығайту ел болшағының жарқын кепілі болмақ. Дәл осы кезеңде мемлекеттік бағдарламалар тетігі арқылы қастерлі құндылықтарымызға барынша көңіл бөлгеніміз дұрыс. Бүгінгі іс-шара да – соның бір парасы. Өздеріңізге белгілі, бұл конкурстың іріктеу кезеңіне 80-нен аса жас отбасы қатысты. Осының өзі жұмыстың нәтиже беріп жатқанын аңғартады, – деді ол.

Үш кезеңнен тұратын байқауда қатысушылар тек ән-жыр айтумен шектелген жоқ. Олар салт-дәстүрмен сабақтасқан түрлі сұрақтарға жауап беріп, отбасы құндылықтарын дәріптейтін көріністерді көрермен назарына ұсынды. Сондай-ақ, әкелер баға беріп, балалар жеті атасын жатқа айтып, жарыс көрігін қыздырды.



Тартысты өткен сайыста қызылордалық Қуанышовтар, жаңақорғандық Жанболатовтар, қармақшылық Әмзеевтер отбасы I орынды иеленді. Ал II орын шиелілік Нышанбековтер, жалағаштық Ахметовтер және аралдық Жақсылықовтар отбасына бұйырды. Қазалылық Қалиевтер мен сырдариялық Тілеубергеновтер отбасы III орынды қанағат тұтты. Барлық қатысушылар арнайы диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Топтан дара шығып, көрерменнің алғысына бөленген отбасылар бұл бастаманың балалар үшін берері мол екенін айтады. Ал ұйымдастырушылар тағалымды сайыстың алдағы уақытта жалғасын табатынын жеткізді. Орайы келгенде айта кетейік, жас отбасыларды жан-жақты шығармашылық қолдау мақсатында аталған байқау облыстық «Жастар ресурстық орталығының» бастамасымен кейінгі бірнеше жылда дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.

● ТУҒАН ЖЕР ТҰЛҒАЛАРЫ

XVII ғасырда өмір сүрген әулие Есабыздың киесі қонған әрі оның ұрпағы Доспан шайық Қожабекұлының есімі Шиелі жұртшылығына жақсы мәлім. Ол 1867-1943 жылдары өмір сүрген.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Айтқаны мүлтік кетпейтін көріпкелдігімен аты шыққан. Материалдық тұрғыдан, физикалық заңдылықпен түсіндіруге келмейтін, түсіндіре алмаған соң сенбестікпен қарайтын қасиеттердің егесі болған. Аруақтармен тілдескен, сол кездегі көліктің жүйрігі атпен бір күн жүріп жететін жерлерге жедел барып қайта беретін болған. Атамыздың өткел бермес асау Сырдариядан қайықсыз өтіп кететін кереметін талай адам өз көзімен көріп, әулиелігін мойындаған. Сондай сенбес оқиғаларды көрген кісілердің ұрпақтары бүгінде арамызда жүр.

Ол кісі бейсенбі, жұма күндері бейіттері әр қырда жатқан

ДОСПАН
ШАЙЫҚ

Бакты ата, Түкті ата, Оқшы ата, Қабыл ата, Менлібай, Сейіт сияқты әулиелерге барып, зиярат етіп қайтып жүрген. Аяғындағы мәсісін қолтығына қысып, жалаңаяқ жаяу кете беретін әулиенің әр жерге түскен ізін көріп, қуып жеткісі келгендер жете алмай, өкпесі өшкен. Ол кісілердің сол сапарда көргендерін басқа күні Доспан шайық айтып отыратын болған.

Доспан шайық – «Оқшы ата» әулиелер кешенінде жатқан қасиетті кісілердің қатарындағы адам. Ол бірақ, «Оқшы ата» қорымына емес, өз ауылы «Қызылдиқанда», бүгінгі Әбділда Тәжібаев атымен аталатын ауыл зиратына жерленген. Бұл топырақ – аңызға айналған «Мың бір түн» хикаяларын түпнұсқадан қазақшалаған Қалмақан Әбдіқадыровтың да ауылы.

Доспан шайық мүрдесінің басқадан оқшау қойылуының өз

тарихы бар. 1938-1940 жылдары аудан күріш егісіне күш салып, шаруашылықтарды дарияның сол жағалауынан оң жақ бетіне жаппай көшіреді. «Қызылдиқан» ауылы да атынан көрініп тұрғандай диқаншылықпен айналысатын. «Өмір барда өлім бар», жана қоныста жаңа зират пайда болады. Бірақ бейіттер күріш суының астында қалып қоя бергендіктен, қайтқан кісілер биіктеу әр-әр жерге қойылады. Осылайша жұрт әлі орнығып болмаған кезеңде, 1943 жылы Доспан шайық өзінің дүниеден өтетінін біліп, ауыл ақсақалдарымен бақұлдасады. Пірі Есабыз әулиенің қасына жатуға шақырғандығын айтады. Сонда ауыл ақсақалдары Доспан шайыққа: «Жаңа қонысқа келген екі-үш жылда қайтқан кісілерді әркім әр жерге қойып жатыр, әлі белгіленген ортақ қорым жоқ. Есабыз әулиеден сұрасаңызшы, рұқсат

етсін. Осы төңіректен бір жерді белгілеп, мазар басы етіп өзіңізді қоялық, тірліктегі бір болған басымыз бақилықта да ажырамасын. Мұнымыз кейінгі ұрпақтың бірлігі үшін керек қой, шайық», – дейді.

Доспан шайық Есабыз баба аруағымен тілдесуге уәде береді. Келесі күні ауыл үлкендеріне тілектері қабыл болғанын айтады.

Бұл кісіден ұрпақ қалмаған. Екінші әйелі Тәтбіке 15 құрсақ көтеріп, бәрі шетінеп кеткен. Оң бесінші перзентін туарда Доспан шайық жұбайына қыз табасын, оның қол саусақтарының орнына моншақ секілді төгілген ет бітеді, бірақ одан қорықпа деп ескертеді. Бұл бір естіген кісіге жай айтылған сөз сияқты еді. Бірақ, шынымен де жұдырығы жұмылып тұрғандай моншақты қол бар ерекше сәби өмірге келеді. Дәл осы керемет жаратылған қолы бар қызды көріп қайран қалған көнекөздер бұл ауылда әлі де бар.

Әуелі Алла деп Доспан шайықтан медет тілегендердің талайының перзентті болғаны дәлелді қажет етпейді, мұны бүкіл ауыл біледі.



Қызылорда облыстық мәслихатының шешімі

14 қараша 2022 жыл

№149

Қызылорда қаласы

Қызылорда облыстық мәслихатының 2021 жылғы 13 желтоқсандағы №72 «2022-2024 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**
1. Қызылорда облыстық мәслихатының 2021 жылғы 13 желтоқсандағы №72 «2022-2024 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №25827 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«1. 2022-2024 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:
1) кірістер – 469 444 242,5 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 35 840 994,5 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 6 752 085,2 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 64 416,0 мың теңге;
трансферттер түсімі – 426 786 746,8 мың теңге;
2) шығындар – 472 079 878,4 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 3 782 383,4 мың теңге; бюджеттік кредиттер – 14 782 357,2 мың теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 10 999 973,8 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 1 883 085,5 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу – 1 883 085,5 мың теңге; мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -8 301 104,8 мың

теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 8 301 104,8 мың теңге.»;
4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«4. Аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттеріне облыстық бюджет қаражаты есебінен 2022 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінуі Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы негізінде төмендегілер үшін айқындалады:
1) жалақы төлеудің жаңа жүйесі бойынша мемлекеттік қызметшілердің еңбек ақысын ұлғайту;
2) нәтижелі жұмыспен қамтуды дамыту;
3) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту;
4) Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, еңбек ардагерлері және «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 мамырдағы Заңның күші қолданылатын басқа да адамдарға бір реттік әлеуметтік көмек төлеу;
5) өңірге қажет мамандықтар бойынша әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал тобы қатарынан білім алушы студенттерге әлеуметтік көмек көрсету;
6) туберкулез ауруының қолдаушы фазасында емделіп жүрген науқастарға әлеуметтік көмек көрсету;

7) гемобластоздар мен апластикалық анемияны қосқанда гематологиялық аурулармен ауырған диспансерлік есепте тұрған балаларға әлеуметтік көмек көрсету;
8) адамның иммун тапшылығы вирусы инфекциясы бар балаларға әлеуметтік көмек көрсету;
9) «Бақытты отбасы» аз қамтылған отбасыларды қолдау орталығының қызметін қамтамасыз ету;
10) Байқоңыр қаласында тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына тұрғын үй көмек көрсету;
11) халықтың осал топтарына қолдау көрсету үшін ыстық тамақ ұйымдастыру;
12) I топтағы мүгедектерге қызмет көрсететін жеке көмекшінің қызмет ақысын төлеу;
13) мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында іске қосылған спорт нысандарын ұстау;
14) спортты дамыту;
15) тұрғын үйлерді сатып алу;
16) жолашылар маршруттық субсидиялау;
17) автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу;
18) каналдарды ұстау;
19) абаттандыру;
20) суландыру қондырғыларын құжаттандыру;
21) мемлекеттік органдардың ғимаратын күрделі жөндеу, абаттандыру және сумен жабдықтау;
22) мәдениет саласының мекемелеріне қосымша штаттық бірлік бөлу;

23) Қызылорда қаласы мен аудандар бюджеттерінің жылдық кіріс түсімдері болжамының орындалмауына байланысты жоғалтуларын өтеу;
24) жер асты және жер үсті инженерлік желілерін түзгенде;
25) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеу;
26) азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекет бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеру»;
аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихаты хатшысының міндетін уақытша атқарушы Т.Жақипбаев

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қызылорда облысының/қаласының Әділет департаменті Нормативтік құқықтық акті 15.11.2022 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 30541 болып енгізілді

Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 14 қарашадағы № 149 шешіміне қосымша Қызылорда облыстық мәслихатының 2021 жылғы «13» желтоқсандағы №72 шешіміне 1-қосымша

2022 жылға арналған облыстық бюджет

Санаты		Сомасы, мың теңге
Сыныбы		
	Ішкі сыныбы	
	Атауы	
	1. Кірістер	469 444 242,5
1	Салықтық түсімдер	35 840 994,5
01	Табыс салығы	17 237 437,0
	2 Жеке табыс салығы	17 237 437,0
03	Әлеуметтік салық	13 408 827,0
	1 Әлеуметтік салық	13 408 827,0
05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	5 194 730,5
	3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	5 098 730,5
	4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	96 000,0
2	Салықтық емес түсімдер	6 752 085,2
01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 282 181,0
	1 Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	80 073,0
	5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	85 000,0
	7 Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	1 117 108,0
03	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	2 950,0
	1 Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	2 950,0
04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 761 411,0
	1 Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 761 411,0
06	Басқа да салықтық емес түсімдер	3 705 543,2
	1 Басқа да салықтық емес түсімдер	3 705 543,2
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	64 416,0
01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	64 416,0
	1 Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	64 416,0
4	Трансферттердің түсімдері	426 786 746,8
01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	95 162 024,8
	2 Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	95 162 024,8
02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	331 624 722,0
	1 Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	331 624 722,0
Функционалдық топ		
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама	
	Атауы	
	2. Шығындар	472 079 878,4
01	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	10 154 199,0
110	Облыс мәслихатының аппараты	170 782,0
	001 Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	146 175,0
	003 Мемлекеттік органның күрделі шығындары	800,0
	005 Мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру	5 080,0
	113 Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	18 727,0
120	Облыс әкімінің аппараты	2 879 689,7
	001 Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 325 481,3
	007 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	337 942,8
	009 Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	216 265,6
265	Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	374 490,5
	001 Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	352 885,0
	002 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	10 607,5
	032 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	10 998,0
282	Облыстың тексеру комиссиясы	356 402,0
	001 Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	345 035,0
	003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	11 367,0
288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	250 000,0
	061 Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	250 000,0
299	Облыстың экономика және қаржы басқармасы	5 629 206,6
	001 Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту, жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	522 122,0
	005 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	20 704,0
021	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	790,0

	061 Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	1 055,0
	113 Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	5 084 535,6
718	Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	164 083,0
	001 Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	153 067,0
	003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	11 016,0
730	Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы	159 663,0
	001 Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	156 003,0
	004 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 660,0
752	Облыстың қоғамдық даму басқармасы	169 882,2
	075 Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	169 882,2
02	Қорғаныс	1 815 733,0
120	Облыс әкімінің аппараты	1 541 269,3
	010 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	10 766,1
	011 Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық аумақтағы қорғаныс	12 712,8
	012 Облыстық аумақтағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	240 221,0
	014 Облыстық аумақтағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	1 277 569,4
	287 Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы үзекті органдардың аумақтық органы	216 136,9
	002 Аумақтық органын және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	216 136,9
	288 Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	58 326,8
	010 Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту	58 326,8
03	Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	9 652 278,4
252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	9 645 236,4
	001 Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 027 843,0
	006 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 617 393,4
	288 Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	7 042,0
	053 Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу	7 042,0
04	Білім беру	216 925 417,2
120	Облыс әкімінің аппараты	16 987,6
019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	16 987,6
253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	798 259,8
	003 Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	31 875,0
	043 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	679 134,0
	057 Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	87 250,8
261	Облыстың білім басқармасы	204 574 938,9
	001 Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	789 534,1
	003 Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 768 368,4
	004 Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру	74 508,0
	005 Мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	1 419 384,0
	006 Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	2 090 576,8
	007 Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	223 047,2
	011 Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	536 543,5
	012 Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	601 055,0
	013 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	35 242,7
	019 Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	34 000,0
	025 Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	10 285 497,5
	029 Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу	476 503,8
	052 Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау»	2 123 143,0
	055 Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	3 442 134,9

	057 Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	115 689,0
	067 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	3 421 888,6
	080 Нұрсұлтан Назарбаев Корының «EL UMIT» талантарын анықтау және қолдау бастамасын іске асыру	46 119,0
	082 Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	98 471 236,9
	083 Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	55 605,0
	085 Байқоңыр қаласындағы қазақ тілінде білім беру ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	3 448 863,0
	086 Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін	1 192,0
	087 Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға	254 109,0
	200 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету және оларда медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	1 830 776,2
	202 Мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	33 094 423,3
	203 Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	39 935 498,0
760	Облыстың мәдениет және спорт басқармасы	7 539 901,6
	006 Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	6 865 526,3
	007 Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	674375,3
	288 Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	3 995 329,3
	011 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	781 527,8
	012 Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	3 213 801,5
05	Денсаулық сақтау	7 834 292,0
253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	7 575 270,6
	001 Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	289 293,9
	006 Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	278 208,0
	007 Салауатты өмір салтын насихаттау	70 238,8
	008 Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	167 504,0
	016 Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	48 192,0
	018 Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	46 506,0
	023 Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	30 713,0
	027 Халыққа имундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық имундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	3 024 719,0
	029 Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	48 600,7
	030 Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары	16 060,0
	033 Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	2 232 748,5
	039 Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық-емханалық қызметтерді және медициналық қызметтерді көрсетуі және Call-орталықтардың қызмет көрсетуі	227 352,4
	041 Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	345 986,0
	042 Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық нәтижелі төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу	1 232,0
	050 Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызметті көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	747 916,3
288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	259 021,4
	038 Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	259 021,4
06	Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	27 108 520,8
	256 Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	26 527 317,3
	001 Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	234 101,0
	002 Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	542 711,0
	003 Мүгедектерге әлеуметтік қолдау	1 280 259,7
	007 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 062,5

(Соны 6-бетте)

2022 жылға арналған облыстық бюджет

	013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 616 276,0
	014	Оналту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	699 429,0
	015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	760 648,0
	018	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	118 515,0
	046	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту	14 047,0
	053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	289 000,0
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	81 737,9
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	20 887 530,2
	261	Облыстың білім басқармасы	533 041,5
	015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	268 002,0
	037	Әлеуметтік сауықтандыру	117 560,0
	084	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқытындармен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау	71 853,5
	092	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	75 626,0
	752	Облыстың қоғамдық даму басқармасы	48 162,0
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	48 162,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	18 832 804,0
279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	18 832 804,0
	001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	309 743,8
	005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	10 480,0
	032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерін ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	3 722 225,9
	038	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	2 584,4
	054	Жеке тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер	15 000,0
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	959 753,5
	114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	13 813 016,4
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	9 775 232,4
752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	1 999 789,6
	001	Жергілікті деңгейде қоғамдық даму саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	389 998,4
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	12 883,0
	005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	104 413,0
	006	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	263 797,3
	009	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	1 143 690,0
	010	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	80 962,9
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	4 045,0
760		Облыстың мәдениет және спорт басқармасы	7 139 893,4
	001	Жергілікті деңгейде мәдениет, мұрағат ісін, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	246 535,6
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	13 020,0
	005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	1 551 958,5
	011	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	694 328,0
	008	Театр және музыка өнерін қолдау	1 187 379,6
	009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	313 216,0
	010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	387 516,5
	012	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	112 739,0
	013	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	1 655 333,0
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	28 087,2
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	949 780,0
288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	635 549,4
	024	Спорт объектілерін дамыту	13 501,7
	027	Мәдениет объектілерін дамыту	622 047,7
09		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	191 500,5
279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	191 500,5
	007	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	3 079,1
	050	Жылыту маусымын іріксіз өткізу үшін энергия өндіруші ұйымдардың отын сатып алуға шығындарын субсидиялау	38 448,7
	071	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	149 972,7
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	20 547 512,0
254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	3 930 531,9
	001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	174 344,0
	003	Коммуналдық меншіктің су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	67 402,0
	005	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру	1 901 317,9
	006	Жануарлар дүниесін қорғау	47 827,7
	008	Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар	884 769,4
	013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 538,5
	022	Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту	102 553,4
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	534 165,0
	034	Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы), сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіру өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау	8 400,0
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	27 886,0
	114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	175 328,0
741		Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы	14 157 995,7
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	311 277,2
	002	Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау	152 797,8
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	21 487,8

	005	Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофаттардың) құнын субсидиялау	514 991,0
	008	Басым дақылдардың өндірісін субсидиялау	25 000,0
	014	Ауыл шаруашылығы таурларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	869 770,0
	018	Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) залалсыздандыру	2 492,5
	019	Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі қызметтер	31 762,5
	029	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар	157 005,7
	035	Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру	1 000 000,0
	046	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, меліоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу	3 172,2
	047	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	2 235 451,0
	050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	1 304 163,0
	053	Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау	3 926 081,0
	056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	2 939 705,0
	064	Жер қатынастарын реттеу	77 959,0
	077	Ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету үшін азық-түлік астығын өткізу кезінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның шеккен шығыстарын өтеуді субсидиялау	584 880,0
719		Облыстың ветеринария басқармасы	2 458 984,4
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	176 120,0
	009	Ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру	1 769,0
	010	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	3 965,0
	011	Жануарлардың саулығы мен аламын денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын есептеуіне өтеу	3 200,0
	012	Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу	75 051,0
	013	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	66 419,0
	014	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	1 863 449,0
	028	Уақытша сақтау пунктіне ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер	2 747,0
	030	Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру	195 170,4
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	71 094,0
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	11 594 007,6
288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	11 594 007,6
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	211 524,6
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	10 679,0
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	1 228 394,5
	114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	10 143 409,5
12		Көлік және коммуникация	19 706 156,8
268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	19 706 156,8
	001	Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	119 204,0
	002	Көлік инфрақұрылымын дамыту	3 678 296,0
	003	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	380 859,0
	005	Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау	162 612,0
	011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 810,0
	025	Облыстық автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	817 244,8
	028	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	2 531 163,7
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	8 828 302,0
	114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	3 181 665,3
13		Басқалар	7 706 011,7
253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	365 470,0
096		Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	365 470,0
254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	383 449,0
104		Инвестициялар салымдар кезінде балық шаруашылығы, субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу	140 500,0
096		Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	242 949,0
256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	143 696,0
096		Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	143 696,0
299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	806 730,8
	003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	100,0
	012	Облыстық жергілікті атқарушы органның резерві	806 630,8
261		Облыстың білім басқармасы	802 499,8
	079	«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	440 145,8
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	362 354,0
268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	37 635,0
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	37 635,0
279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	1 763 000,7
	037	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту	5 039,4
	060	«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	1 067 597,3

	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	690 364,0
288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	220 767,1
	093	«Ауыл - Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	104 558,1
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	116 209,0
265		Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	1 429 083,0
	004	«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	50 000,0
	014	«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау	1 039 824,0
	011	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	4 659,0
	015	«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру	264 600,0
	082	«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру	70 000,0
760		Облыстың мәдениет және спорт басқармасы	791 088,2
	053	«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	417 845,2
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	373 243,0
120		Облыс әкімінің аппараты	688 964,7
	008	«Ақпараттық технологиялар орталығы» мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету	674 909,7
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	14 055,0
761		Облыстың бақылау жөніндегі басқармасы	273 627,4
	001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және еңбек қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	263 251,4
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	10 376,0
14		Борышқа қызмет көрсету	1 884 265,0
299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	1 884 265,0
	004	Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	1 873 280,0
	016	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	10 985,0
15		Трансферттер	108 351 948,0
299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	108 351 948,0
	007	Субвенциялар	96 489 381,0
	011	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	523 696,0
	024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	9 433 130,0
	053	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	1 905 741,0
		3. Таза бюджеттік кредиттеу	3 782 383,4
		Бюджеттік кредиттер	14 782 357,2
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	256 663,2
279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	256 663,2
	088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит беру	256 663,2
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6 826 579,0
279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	622 160,0
	087	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру	622 160,0
288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	6 204 419,0
	009	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру	6 204 419,0
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	7 699 115,0
741		Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы	5 323 758,0
	015	Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрқандандыру тетіктерін іске асыру үшін мамандандырылған ұйымдарға кредит беру	2 300 000,0
	078	Ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредиттер беру үшін кредит беру	3 023 758,0
299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	2 375 357,0
	009	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер	2 375 357,0
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	10 999 973,8
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	10 999 973,8
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	10 919 103,2
	2	Бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару	80 870,6
	4	Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	1 883 085,5
		Қаржы активтерін сатып алу	1 883 085,5
13		Басқалар	1 883 085,5
279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	933 085,5
	065	Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	933 085,5
265		Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	950 000,0
	065	Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	950 000,0
6		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
	5	Бюджет тапшылығы (профициті)	-8 301 104,8
	6	Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	8 301 104,8
7		Қарыздар түсімі	12 225 694,0
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	12 225 694,0
	1	Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар	6 204 419,0
	2	Қарыз алу келісім-шарттары	6 021 275,0
16		Қарыздарды өтеу	9 415 121,9
299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	9 415 121,9
	008	Жергілікті атқарушы органның борышын өтеу	4 584 858,0
	015	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	4 759 182,4
	018	Республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	2 221,5
	057	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	68 860,0
8		Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	5 490 532,7
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	5 490 532,7
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	5 490 532,7

2022 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін, молайту және пайдалану туралы» Заңының 10-бабы 2-тармағының 5-14) тармақшасына, «Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 24 мамырдағы №180 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №28188 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2022 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері бекітілсін.

2. «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыны заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары С.С.Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Н.Нәлібаев

Қызылорда облысы әкімдігінің

2022 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына қосымша

(_____лығы) өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруды

көлемдері

Субсидиялау көлемдері

Өлшем бірлігі (тонна)

Сомасы (мың теңге)

н өсіру кезінде

ыстары

20

8 400,0

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАРЫН ӨНДІРУШІЛЕР НАЗАРЫНА

Екінші деңгейдегі банктердің қарыздарына кепілдік беру туралы

Қарыздарға кепілдік беру құралы кепілмен қамтамасыз ету жеткіліксіз болған кезде екінші деңгейдегі банктерден қарыз алу кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдауға бағытталған.

Осы схема бойынша кредиттерді ішінара кепілдікті қамтамасыз ету осы бағдарлама бойынша «Даму» ҚДҚ» АҚ айқындаған кепілгер есебінен жүзеге асырылады.

• Екінші деңгейдегі банктердің кредиттеріне кепілдік беру мынадай негізгі шарттарда жүзеге асырылады:

- Несиенің ең жоғарғы сомасы 5 млрд теңгеге дейін.
- Кепілдік мөлшері негізгі борыш сомасынан 50%-ға дейін, бірақ 1,5 млрд теңгеден аспайды.
- Жобаны енгізгенге дейін басым инвестициялық жобалар бойынша кепілдік мөлшері 85%.
- Жоба пайдалануға берілгеннен кейін кепілдік мөлшері стандартты шарттарға дейін төмендетіледі (5 млрд теңгеге дейінгі кредиттерге 50%).

Кепілді күшін Комиссия кепілдік мөлшерінің 30%-ын құрайды, оның ішінде:

- 29,9% облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы төлейді;
- 0,1% қарыз алушы – агроөнеркәсіптік кешен субъектісі төлейді.

ЕДБ кредиттеріне кепілдік беру

мынадай негізгі шарттарда жүзеге асырылады:

Мемлекеттік қолдаумен кепілдік беру жүйесінің мынадай оң жақтары бар:

1) бюджет шығыстары экономикалық өсіммен, жаңа жұмыс орындарын құрумен және табысты жобалардан түсетін салық түсімдерімен өтеледі;

2) қарыз алушылардың белгілі бір санаттары бойынша жеке кредиторлар қабылдайтын тәуекел ішінара кепілдікпен жабылады;

3) бұл модельде жеке сектордың тиімділігі және клиенттердің неғұрлым тәуекелді санаттарымен жұмыс істегені үшін мемлекеттің сыйақы төлеуі үйлеседі.

Кепілдіктің 50 (елу) пайызына дейінгі комиссияның бір бөлігін субсидиялау мынадай қызмет түрлері бойынша жүзеге асырылады:

- өсімдік және мал шаруашылығы және осы салаларда қызмет көрсету;
- балық шаруашылығы;
- етті қайта өңдеу және консервілеу және ет өнімдерін өндіру;
- балықты, шаян тәрзілділерді және моллюскаларды өңдеу және консервілеу;
- жемістер мен көкөністерді қайта өңдеу және консервілеу;
- өсімдік және мал майлары мен тонмайларды өндіру;
- сүт өнімдерін өндіру;
- ұн-жарма өнімдерін, крахмалдар мен крахмал өнімдерін өндіру;

- нан-тоқаш, макарон және ұн-нан жасалған кондитерлік өнімдер өндірісі;

- өзге де тамақ өнімдерін өндіру;

- жануарларға арналған дайын жем-шөп өндіру.

Жоба пайдалануға берілгенге дейін басым инвестициялық жобалар бойынша кепілдік мөлшері 85 (сексен бес) пайыздан аспайды. Басым инвестициялық жобалар тізбесіне мыналар кіреді:

- сүт-тауарлы фермалар;
- ет үшін құс өсіру;
- қарқынды қоғалдандыру;
- жылыжай;
- қант қызылшасын өсіру және қызылша қантын өндіру;
- жарма өндірісі;
- көкөністер мен жемістерді қайта өңдеу;
- өсімдік майын және (немесе) май өнімдерін өндіру;
- картоп және (немесе) көкөніс өнімдерін өсіру (асханалық сәбіз, басты пияз, ақас қырыққабат);
- құс шаруашылығында асыл-тұқымды репродуктор салу.

Бұл тетік Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қантардағы №9-1/71 бұйрығымен бекітілген АӨК субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шенберінде субсидиялау қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы

ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДАН САҚТАНДЫРУҒА МІНДЕТТІ

ҚР Конституциясы құқықтың бүкіл жүйесінің қалыптасуы бастау алатын негізгі заң болып табылады, онда еңбекті қорғауға құқықтың көрсетілуі үлкен маңызға ие. Себебі Конституцияда жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің негізін құрайтын, адам мен азаматтың ең негізгі, аса маңызды құқықтары бекітілген.

Конституциялық құқықтың еңбекті қорғау жөніндегі қатынастарды реттейтін нормаларының қатарына ҚР Конституциясының 24-бабының қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай болатын еңбек жағдайларына құқықты белгілейтін нормалары жатады. Ата заңға сәйкес, әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына және қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін сендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

Конституциялық құқыққа негізделген еңбек қатынастары ҚР Еңбек кодексімен реттеледі.

ҚР еңбек заңнамасы талаптарының сақталуын, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті орган – Қызылорда облысының бақылау жөніндегі басқармасы (әрі қарай – басқарма) жүзеге асырады.

Басқарма жыл басынан бері 53 жазатайым оқиға бойынша арнайы тергеп-тексеру жүргізді. Олардың ішінде 32 жазатайым оқиға еңбек қызметімен байланысты деп танылды, осы еңбек

қызметімен байланысты жазатайым оқиғалардан 34 жұмыскер зардап шеккен, оның ішінде 6 жұмыскер қаза болған, 26 жұмыскер ауыр, 2 жұмыскер жеңіл дене жаракатын алған.

Осы орайда, жазатайым оқиғалардан зардап шеккен тұлғалардың немесе олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік қорғалуға заңды құқықтары ҚР заңнамаларымен белгіленген.

ҚР Еңбек кодексінің (бұдан әрі – кодекс) 122-бабы 1-тармағына сәйкес, жұмыскердің еңбек міндеттерін орындауына байланысты оның өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтірілген кезде жұмыс беруші зиянды ҚР заңнамасында көзделген көлемде және тәртіппен өтеуге міндетті.

Азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеудің тәртібі ҚР Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – ҚР АҚ) 47-тарауының 2-бөлігінде көзделген.

Кодекстің 23-бабы 2-бөлігінің 15-тармақшасына сәйкес, жұмыс беруші жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыруға міндетті.

Алайда, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне сәйкес, бүгінгі күні облысымызда 465 жұмыс беруші, жұмыскер еңбек міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғадан сақтандыру шартын жасаған, бұл көрсеткіш жұмыс берушілердің 10,4 пайызын құрап отыр.

Кодекстің 14-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының бұзылуына кірілі тұлғалар Қазақстан Республика-

сының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР кодексі 230-бабының 2-тармағына сәйкес, ҚР міндетті сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес міндетті сақтандыру шартын жасасуға міндетті тұлғаның міндетті сақтандыру шартын жасаспауы жеке тұлғаларға он (30630 теңге), лауазымды адамдарға, кешеге нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға бір жүз алпыс (490080 теңге), орта кәсіпкерлік субъектілеріне төрт жүз (1225200 теңге), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың (3063000 теңге) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соқтырады.

Жұмыскер еңбек міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру бұл жұмыс берушілер үшін міндетті болып табылады.

Осы орайда, жұмыс берушілер жұмыскерлер еңбек міндеттерін атқарған кезде оларды жазатайым оқиғалардан сақтандыру арқылы зардап шеккен адамдардың заңмен көзделген әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді.

Сондықтан жұмыс берушілер өз жұмыскерлерінің еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында оларды жазатайым оқиғалардан сақтандырыңыздар.

Қызылорда облысының бақылау жөніндегі басқармасы

«Қазпошта»: тұрғындар үшін мүмкіндіктер аясын кеңейтуде

Ақша аударымын жіберу, екінші деңгейлі банктерден несие немесе депозит рәсімдеу, салықтарды төлеу, коммуналдық қызметтерді төлеу, валюта айырбастау және тіпті пойыз билетін сатып алу – мұның барлығын және т.б. әрекеттерді «Қазпоштаның» бүкіл ел бойынша бөлімшелерінде жасауға болады.

«Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалының пошта желісі облыстың барлық аумағын қамтиды. Облыс бойынша 600-ден астам қызметкер жұмыс істейді, Қызылорда қаласында облыс бойынша 151 филиалдың 15-і жұмыс істейді, қалған көпшілігі ауылдық жерлерде орналасқан.

Сонғы кезде филиалда тұтынушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылды. Олардың ішінде көлік паркін жаңарту, сәлемдемелер мен мерзімді баслымдарды сұрыптау процестерін автоматтандыру, желіні кеңейту post.kz қосымшасы арқылы онлайн-қызметтер алу және көптеген заманауи өзгерістерге сәйкес бастамалар.

Сонғы он жыл ішінде компания Unistream жүйелері мен Western Union арқылы халықаралық аударымдарды жүзеге асырып келеді. Ал 2022 жылдың 20 қазаны мен 20 желтоқсаны аралығында «Қазпоштаның» барлық бөлімшелерінде UNISTREAM жүйесі арқылы ақша аударымдарын жүзеге асыратын клиенттер арасында жабдықтың (Apple iPhone 13 Pro, iPad Pro 12.9) ұтыс науқаны басталды.

Акция туралы толығырақ <https://www.kazpost.kz/> сайтында білуге болады.

Біздің бөлімшелер желісі және жеке төлем терминалдары арқылы салықтар комиссиясыз төленеді: жеке тұлғадан мүлік салығы және жер салығы; көлік құралдары салығы; республикалық және жергілікті манызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем.

Жылдан-жылға «Қазпошта» қызметтерінің аясы кеңейіп, қызмет көрсету сапасы артып келеді. Қазір компанияның өз саласының жетекші ойыншысы ретінде дамуына ықпал ететін бизнес-процестер белсенді түрде енгізілуде.

80 жастан асқан зейнеткерлерге, мүгедектер мен ҰОС қатысушыларға, бірінші топтағы мүгедектерге, сондай-ақ алушының

денсаулық жағдайы туралы зейнетақы немесе жәрдемақы алуға мүмкіндік бермейтін медициналық анықтамасы бар адамдарға қызметтерді үйге жеткізу қарастырылған. Сонымен қатар, әлеуметтік төлемдер (зейнетақы, жәрдемақы, АӨК) алушылар үшін арнайы жеңілдетілген тарифпен «Әлеуметтік карта» ұсынады: зейнетақы және жәрдемақы алушылар үшін Әлеуметтік картаны пайдалану бірінші жылы 0 теңге, екінші жылдан бастап жылына небәрі 300 теңге және Әлеуметтік карта арқылы Қазақстанның Халық Банкі банкоматтарынан 100000 теңгеге дейін комиссиясыз ақша шешуге болады. Картаның тағы да көптеген артықшылықтарының бірі – карта арқылы төлем жүргізілгенде 1% Кэшбэк, ал картамен post.kz және PayPost қосымшаларында төлем үшін бонустар беріледі.

Агенттік қызметтерінің ауқымы да айтарлықтай үлкен. «Қазпошта» бөлімшелерінде несиелер мен депозиттерді тіркеу қалаларда да, шалғай ауылдарда да халыққа қолжетімді болды. Ұлттық пошта операторы клиенттерге «Хоум Кредит Банк» АҚ арқылы несие алу мүмкіндігін ұсынады. Ауыл тұрғындары несиеге сол жерде өтініш бере алады, жақын жердегі «Қазпошта» АҚ-ның мамандандырылған бөлімшесіне хабарласып, несиелеу шарттары туралы барлық қажетті ақпаратты алуға болады.

«Отбасы Банкі» АҚ-мен ынтымақтастық аясында тұрғындардың тұрғын үй сатып алуға қаражат жинау үшін «Қазпошта» бөлімшелерінде депозит ашуға және депозиттерді толықтыруға мүмкіндігі бар. Енді ол үшін қалаға барудың қажеті жоқ. Мұндай операциялар аудандық және ауылдық пошта бөлімшелерінде бар.

«Казпочта» АҚ-ның ауылдық және аудандық бөлімшелерінде лотерея билеттерін, теміржол билеттерін сатып алуға, автокөлікті сақтандыру полисін және жазатайым оқиғалардан және

«Қазпошта» 2012 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ және 2014 жылы «KEGOC» АҚ акцияларын орналастыру бойынша негізгі брокер ретінде «Халықтық IPO» бағдарламасының 2 кезеңін жүзеге асыруға қатысты. Ұлттық компаниялардың алдағы IPO-лары қарсаңында «Қазпошта» делдалдық келісімдерді онлайн жасау мүмкіндігін іске қосты. Бұрынғы IPO-лардың тәжірибесі мен кең желісін ескере отырып, «Қазпошта» «КазМұнайГаз» ҰК-нің негізгі IPO операторларының бірі болып табылады. «Қазпошта» бөлімшелерінде акцияларды сатып алуға өтінімдерді қабылдау басталды. «Қазпошта» арқылы «КазМұнайГаз» ҰК» АҚ акцияларын сатып алу мүмкіндігі 2022 жылдың 2 желтоқсанына дейін жалғасады.

«Қазпошта» АҚ ҚОФ баспасөз қызметі

«Кристалл Менеджмент» АҚ қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады

«Кристалл Менеджмент» АҚ ҚР ЭК-ның 73-бабына және 26.10.2021 жылғы №425 қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларына сәйкес «қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша ҚТЭС-Ақшабұлақты кәдеге жарату қазандары мен бу турбоагрегатын орната отырып, бу-газ циклімен кеңейту және реконструкциялау» жұмыс жобасына ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Аумағына әсер етуі мүмкін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы.

Қоғамдық тыңдауды өткізу 22.12.2022 жылы сағат 12:00-де Қызылорда облысы Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Әлиақбаров көшесі, 20 мекенжайы бойынша басталады.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар келесі сілтеме бойынша бейнеконференция форматында сүйемелденетінін хабарлаймыз:

Уақыты: 22 желтоқсан 2022 12: 00 AM Asia / Qyzylorda

Zoom конференциясына қосылыңыз <https://us04web.zoom.us/j/5280664063?pwd=97LiP->

«Болашақ» университеті

Қашықтықтан оқыту орталығының басшысы лауазымдық қызметке конкурс жариялайды.

Өтінімдер мен құжаттарды тапсыру мерзімі: 2022 жылдың 02 желтоқсанына дейін.

Қойылатын талаптар: ғылыми дәрежесінің және академиялық дәрежесінің болуы, академиялық қызметті реттейтін ҚР БҒМ нормативтік-құқықтық актілерін білуі. Түйіндемені bolashak_5@mail.ru, bolashak_5@bolashak-edu.kz электронды почтасына жолдауға, қосымша ақпаратты 8-777-330-80-59 телефоны арқылы алуға болады.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сырдарияның сол жақ жағалауы, 115, «Болашақ» университеті.

(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті №КЗ041ЛА00011297, берілген күні 14.03.2018 жс)

Жарамсыз деп есептелсін

«Қорсан ата» қоғамдық қоры мекемесі (БИН 040740016434) Жарғысының (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Аманбек Аружан Аманбекқызының атына ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасынан 29.04.2022 жылы берілген №418 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

ЖОБА

«Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы №352 шешіміне толықтырулар енгізу туралы

«Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы №352 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5402 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

Әлеуметтік маңызды бар қатынастардың тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 14, 15 жолдармен толықтырылсын:

14	Арал қалаішілік № 1 бағыт
15	Арал қалаішілік № 2 бағыт

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы	Аты-жөні
----------	----------

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы мен облыстық физиологиямонология орталығының ұжымы медицина саласының құрметті ардагері Баймырзаев Жаксыбай Әуезханұлына анасы

Орал Үмбетқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

БҰЛАҚ КӨРСЕҢ, КӨЗІН АШ

Елімізге еңбек сіңірген артист, өнші, ұстаз Қаракөз Ақдәулетова шығармашылық өмірінде талай бұлақтың көзін ашып, олардың мөлдір бастауын өнер деген ұлы арнаға қосты. Осы жолда бар күш-жігерін, талантын аямай жұмсады. Халқының ұлттық өнері мен мәдениетін әлемге танытқан тұлғалық дәрежеге көтерілді.

Sb Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

Әнші есімі — әр жүректе



Қаракөз қазақ және шетел композиторларының классикалық әндері мен романстарын ешкімге ұқсамайтын мәнермен орындайтын ерекше дауыс иесі болатын.

Өншінің әсем де қуатты, қайталанбас дауысы қазақ руханиятының қазынасына қымбат байлық болып қосылды.

Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы осы жылдан бастап мәдениет мейтанманы, «Папағат» медалінің, «Құрмет» орденінің иегері, Қызылорда қаласының құрметті азаматы Қаракөз Ақдәулетова атындағы «Сыр бұлбұлдары» атты облыстық әншілер конкурсын өткізуді қолға алды.

Облыс орталығында өткен алғашқы конкурстың шымылдығын облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Р.Үстемов ашты.

Сала басшысы «Абай жолы» романындағы Біржан салдың бала Абайға айтқан: «Мендей әнші туар-ау, сендей тыңдарман туар ма?» деген сөзін мысалға келтірді. Ән мен сөздің тыңдаушысы туған бүгінгі күннің жадынан өшпес орын алған дара дарын иесі Қаракөз Ақдәулетованың аты өлмейтінін айтты.

Конкурс 12-20 жас аралығындағы қатысушыларды эстрадалық және академиялық ән салу талаптары бойынша сарапта салды.

Эстрадалық ән жанрында Арал ауданынан Максат Базарбай, Қазалы ауданы Нұртілек Малкайдов, Шиелі ауданынан Рахымжан Бақытов 3-орын жүлдесін олжалады. Ал қазылылық Сұлтанханым Қалдасбай мен қызылордалық Ақнұр Темірбова 2-орынды еншіледі. Бұл байқауда 1-орынды қызылордалық талапкер Саят Сарманбек алса, бас жүлдені қызылордалық Айсұлу Рахатова қанжығаға бөктерді.

Осы жанрда өнер көрсеткен қос қызылордалық Лейла Төлешқызы Мәлика Әжібаеваға Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгі иегері, қазылар алқасының мүшесі Перуза Арғынбаева өзінің арнайы жүлдесін тапсырды.

Академиялық ән салу өнерінде Зарина Камала мен Аякөз Райбекова 3-орын, Әбдіхан Әлібек пен Баянұлу Сағындыкова 2-орын, Дінмұхамед Әбуов пен Ақбота Абентаева 1-орын жүлделерін өзара бөлісті.

Қаракөз Ақдәулетованың сіндісі Индира Ақжігітова тапсырған екі бас жүлдеге Ақжүніс Абибулла мен Бағдәулет Исабеков те болды.

Талапкерлерге Рамазан Тайманов, Феруза Арғынбаева, Әзиза Іздікұлова, Самал Байсейітова, Салтанат Аққұлова секілді белгілі өнер қайраткерлері, әнші-композиторлар қазылық жасады.

Балалар мен жастар шығармашылығын насихаттау, классикалық шығармалар мен эстрадалық ән салу жанрында өнерпаздардың орындаушылық шеберліктерін арттыру, жана есімдер шығару мақсатындағы бұл байқау әр жылы жаңа есімдердің тұсауын кесетін болады.

ЕРТЕҢ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛАДЫ



Алдымен Катар мемлекеті жайында сөз қозғасақ, олардың негізгі байлығы – мұнай. Алдын ала есептеу бойынша оның табиғи қоры – 778 млн тонна деп бағаланады. Елдегі ұлттық табыстың 90%-ы аталған саладан құйылып тұр. Сондай-ақ, бұл мемлекетте «қара алтыннан» өзге табиғи газ өндіріледі. Оған қоса балық аулау ісі де жоғары деңгейде жолға қойылған. Ел тұрғындарының 35%-ы өнеркәсіпте, 3%-ы ауыл шаруашылығында, 60%-ы қызмет көрсету салаларында еңбек етеді. Жерінің 0,7%-ы ғана ауыл шаруашылығына ыңғайлы.

1971 жылы Ұлыбританиядан тәуелсіздік алған Катар табиғи газ қоры жөнінен алдыңғы үштікке кіреді. Сондай-ақ, мұнай экспорты жөнінен алдыңғы орында тұр. Жазы ыстық. Бір қызығы, бұл мемлекетте бірде-бір тұрақты өзен жоқ. Елдің басым бөлігін шөлді аймақтар алып жатыр. Тұщы су айдындары жетіспейді. Соның салдарынан қатарлық тұрғындар теңіз суын тұщыландыруға мәжбүр. Тұрғындардың 99%-ы қалада тұрады, оның түгеліге дерлігі ел астанасы – Дохада.

Араб тілі ресми мәртебе иеленген. Ел тұрғындарының 40%-ы арабтар болса, қалғанын Үндістан және Пәкістаннан келген келімсектер құрайды. Онда азық-түліктің барлығы өзге елдерден жеткізіледі. Жастар араб тілінен өзге ағылшын тілінде де еркін сөйлей алады.

2010 жылы FIFA Катарға 2022 жылғы Әлем чемпионатын өткізу құқығын берді. Содан бері ұйымдастырушылар биылғы 20 қарашада басталатын турнирге дайындалу үшін жүздеген миллиард доллар жұмсаған.

Әлем баспасөзі адам құқықтарын қорғау ұйымдары стадиондарды салуға келген еңбек

мигранттарының қаза болуы және қиянатқа ұшырауы жөнінде жиі дабыл қакты. Осыған байланысты FIFA басшысы Джанни Инфантиноға хат жолданып, доп долдасына дайындық кезінде көз жұмған азаматтардың отбасыларына өтемақы төлеуге шақырды.

Айта кетсек, футболдан Әлем кубогі 1930 жылдан бері тұрақты түрде төрт жылда бір рет өтіп келеді. Екінші дүниежүзілік соғыс салдарынан 1942, 1946 жылдары ұйымдастырылған жоқ. Қазірге дейін 8 құрама кубокті төбесіне көтерді. Олардың 5-уі Еуропада орналасса, 3-і Оңтүстік Америка құрлығында.

Сонымен, биылғы доп долдасының ерекшелігі алғаш рет қыс мезгілінде өтуі. Ойындар 5 қалада орналасқан 8 стадионда болады. Катар дүбірлі доданы ұйымдастыруға өтініш берген уақытта елде небәрі бір стадион бар болатын. Қазірге дейін жаңадан 7 стадион бой көтеріп, 100-ден аса қонақүй мен қаншама шақырым жол салынды. Бірқатар ақпарат көздерінде жарысты ұйымдастыруға 200 млрд доллар жұмсағаны айтылуда. Ендеше, айтулы аламан өткізу аталған мемлекетке өте қымбатқа түскенін болжау қиын емес.

Катар футболдан Әлем кубогіне алғаш рет қатыспақ. Бұл ел Әлем чемпионатын ұйымдастырушы ретінде жарысқа іріктеусіз жолдама алған. Канада 1986 жылдан бері, Уэльс 1958 жылдан бері алғаш рет Әлем чемпионатында ойнайды. Италия құрамасы екінші рет қатарынан Әлем біріншілігіне жолдама ала алмай қалды. Италия 2020 жылғы Еуропа чемпионатын жеңгенімен, Катардағы Әлем біріншілігіне өте алмады.

Биылғы Әлем чемпионатында Леонель Месси (Аргентина), Кристиану Роналду (Португа-

лия), Килиан Мбаппе, Карим Бензема (екеуі де – Франция), Кевин де Брейне (Бельгия), Роберт Левандовски (Польша), Жуниор Винисиус, Неймар (екеуі де – Бразилия), Лука Модрич (Хорватия) сынды жұлдыздар жанкүйер алдында өз шеберлігін паш ете алады.

FIFA мәліметінше, Әлем кубогінің жүлде қоры – 440 млн доллар. Жеңімпаз тұғырына көтерілген құрама 42, күміс жүлдегер – 30, 3-орын иегері 27 млн долларға қол жеткізеді. Ал 4-орын иегері 25, 5-8 орын алғандардың әрқайсысы 17, 9-16 орын аралығында болғаны 13, 17-32 орындағылар 9 млн доллардан алады. Оған қоса Әлем чемпионатына жолдама алған елдерге турнир алдында дайындық үшін 1,5 млн доллардан берілген.

Халықаралық сарапшылардың 46%-ы Бразилия бас жүлдеден негізгі үміткер қатарына қосып отыр. Одан кейінгі орындарда Аргентина (15%), Франция (14%), Германия (7%), Англия мен Бельгия (5%) құрамалары тұр.

Сондай-ақ, букмекерлік кеңселердің болжамы бойынша да Бразилия (21%) – басты фаворит. Одан кейінгі кезекте Аргентина, Франция, Англия, Испания, Германия, Нидерланд, Португалия, Бельгия бар.

Топтық кезең 20 қараша мен 2 желтоқсан аралығында өтсе, 1/8 финал 3-6 желтоқсанда болады. Құрамалар ширек финал ойындарын 9-10 желтоқсанда өткізеді. Ал жартылай финал 13-14, 3-орын үшін ойын 17, финал 18 желтоқсанға белгіленген.

Дайындаған
Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

Қалада қоғамдық көліктердің қатары жаңа автобустармен толықты. Бұл халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадам және бұл бағыттағы жұмыстар жалғаса береді. Тұрғындарды айтулы сәтте құттықтаған Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шөменов осылай деді.

Қоғамдық көліктердің қатары толықты

– Өздеріңізге белгілі, жаңадан алынған 40 автобус Республика күні қарсаңында қалаішілік бағыттарға қосылды. Міне, бүгін екінші легі жеткізіліп отыр. Жалпы, халықтың қоғамдық көлікке деген сұранысын қанағаттандыру және көлік қатынасын дамыту назарымыздан тыс қалған емес. Енді жыл соңына дейін қалған автобустар әкелініп, жолаушылар тасымалы қызметінің сапасын арттыру мақсатында қолға алынған жоба нақты жемісін береді, – деді шаһар басшысы.

Айта кетейік, облыс әкімінің тікелей қолдауымен «Қызылорда автобус паркі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы лизингке 150 автобус алуға 1 млрд 434 млн теңге қаржы бөлінген болатын. Сол игі істің нәтижесінде сәрсенбі күні Сыр еліне экологиялық таза, мүгедектігі бар азаматтарға қолайлы 42 автобус келіп, пайдалануға берілді. Айтпақшы, кейінгі үлгідегі автобустар жаңадан қосылған №19 және №20 бағыттар бойынша жолаушыларды тасымалдайды.

«СБ» ақпарат



ЖАҢА КІТАП

ТӘРБИЕ ЖАЙЛЫ ТОЛҒАНЫС

Таяуда баспадан шыққан Шарафдин Алтынбайұлының «Тәрбие басы – талбесік немесе бір өкініш, бір үміт» деп аталатын кітабының мазмұны аты айтып тұрғандай, тәрбие бағытына арналған. Ол түп-тамырымыздан жеткен ұлттық құндылықты ұрпақ бойына терең сіңіріп, өткеніміздің өнегесін қадір тұта білуге үндейтін мағыналы ойлар бар. Отбасы татулығын нығайтуды ой-пікірін ортаға салып, атаның қанымен, ананың сүтімен даритын тектілік қасиетке сай тәрбие тінін бұзып алмау тұрғысында сөз қозғайды.

Sb Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Пікір білдірген «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша Кәсіби даму институтының директоры, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі Б.Елеусінов бұл кітап қазіргі таңдағы отбасы тәрбиесінің аңғарылмай, қалтарыста қалған кейбір тұстарын танып-біліп, оларды ұрпақ өсіру барысында пайдаланғысы келетін әрбір әкешеге, жалпы қазақ тілді оқырман қауымға аса қажет деп баға беріпті.

Автордың айтуынша, «Дәстүрлер арқылы ғана ұрпақты өнегені бойына сіңіре алатын, өнерді түсіне алатын, әдебиетті оқуға талпынатын, еңбек етуге ұмтылып тұратын етіп баулуға болады. Онсыз, дағдыларды қалыптастырудың алғышартын ұрпақ санасына сіңірген деген ұмтылыстардың бәрі – бос әуре, зия кеткен еңбек, құр кеткен уақыт болып қала береді».

Жалпы кітаптағы «Отбасы ұғымына бойлау – мәңгілікке апарар бастау», «Талбесіктен – бақиға дейін», «Дүниеге келмеген ұрпақтар құпиясы», «Ой толғаулар немесе бір өкініш, бір үміт», «Бұқар жырау сананы тәрбиелеу хақында», «Адамзат болашағы – әйелдер арынан», «Дәстүрлі отбасы және халық тәлімі» сияқты бірнеше тақырыптар бойынша автор отбасы тұтастығының әлеуметтік сипатын айқындайтын дәлелдер ұсынады. Осылайша сөз төркінін ұрпақ тәрбиесіне қатысты болашақта туындайтын өзекті мәселелердің алдын алуға бағыттайды.

